

«NetBet (НэтБэт)» ЖШС Букмекерлік кеңсесінің ставка қабылдау, өткізілетін бәс және жұмыс ережелері

«NetBet (НэтБэт)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ставка қабылдау, өткізілетін бәс және жұмыс ережелері (бұдан әрі мәтін бойынша – Ережелер) Қазақстан Республикасының «Ойын бизнесі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 9 қазандағы №175 бұйрығына (№1 қосымша) сәйкес жазылған және «NetBet (НэтБэт)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, бұдан әрі - «NetBet (НэтБэт)» ЖШС немесе Букмекерлік кеңсе, букмекерлік кеңсесінің бәс қатысушыларына орындау үшін міндетті болып табылады. Букмекерлік кеңсенің атауы: «NetBet (НэтБэт)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі немесе «NetBet (НэтБэт)» ЖШС Букмекерлік кеңсенің мекенжайы: Алматы облысы, Қонаев қ., С. Сейфуллин көшесі, № 26/1 үй, 3 б., пошталық индекс 040803. Букмекерлік кеңсенің банк деректемелері: ЖСК KZ4496502F0014170076 «ForteBank» АҚ Алматы қ. Филиалында, БСК IRTYKZKA. Букмекерлік кеңсенің сәйкестендіру нөмірі: БСН 170140017744. Букмекерлік кеңсенің интернет-ресурсі: www.olimpbet.kz. «NetBet (НэтБэт)» ЖШС-нің лицензиясы туралы ақпарат: №23019645, Ойын бизнесі саласында қызмет етуге лицензия 06.09.2023 берілген, 09.03.2027 дейін жарамды.

1. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН ТЕРМИНДЕР

1.1 Букмекерлік кеңсе - ойын бизнесін ұйымдастырушы - бәске Қатысушылармен бәс тігетін - «NetBet (НэтБэт)» ЖШС.

1.2 Бәске Қатысушы – бәске қатысатын жеке тұлға. Тек қана жиырма бір жасқа толған, Букмекерлік кеңседе тіркелген және сәйкестендіруден өткен тұлға бәске Қатысушысы бола алады.

1.3 Бәске Қатысушылар тобы - бір нәтижеге немесе бірдей нәтижелер комбинациясына бәс жасасқан екі немесе көбірек бәске Қатысушы.

1.4 Бәс - тәуекелге негізделген, бәске Қатысушысы мен Букмекерлік кеңсе арасындағы олар қатыспайтын ұтысты болжайтын оқиға барысына жасалған келісім.

Тәуекелге негізделген келісім Ойын сессиясының ережелеріне және осы Ережелерге сәйкес жасалады.

Ойын сессиясы аясында бәске Қатысушысы Аккаунт теңгерімінде желідегі оқиғаларға шектеусіз бәс санын жасай алады.

Ойын сессиясы аясында желі оқиғасына жасалған бәс бойынша ұтыс Ойын сессиясының аяқталуына дейін төленуге тиісті емес.

Тәуекелге негізделген келісім-шарт (бәс) бойынша оқиға желінің бір немесе бірнеше оқиғасынан тұруы мүмкін.

Тәуекелге негізделген келісім-шарт Букмекерлік кеңсе Желіде және осы Ережелерде ұсынған шарттар мен талаптарға сәйкес жасалады.

Желі оқиғаларына ставкалардың түрлері осы Ережелерде көрсетілген.

1.5 Желі – оқиғалардың өткізілетін күні мен уақыты және қамтылатын желі оқиғалары туралы, оқиғаның болатыны немесе болмайтыны белгісіз оқиғаларды, осы оқиғалардың әртүрлі нәтижелерін және осындай нәтижелерге коэффициенттерді, спорттық жарыстардың дамуы және спорттық жарыстардың нәтижелері туралы ақпарат.

Алдағы спорттық жарыстардың күні мен уақытын көрсету ақпараттық сипатқа ие және мұндай жарыстардың нақты басталу уақытымен сәйкес келмеуі мүмкін.

Желі оқиғасы – Ойын сессиясы аясында бәске Қатысушы желі оқиғасына бәс тігу үшін спорттық жарыстар бойынша Букмекерлік кеңсе ұсынатын оқиғалар.

Желі оқиғасына ставка – Аккаунт теңгерімінен қаражатты есептен шығару.

1.6 Аппараттық-бағдарламалық кешен – ақпараттық процестерді қамтамасыз ететін бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы.

1.7 Коэффициент – спорттық жарыстар желісіндегі оқиғаның белгілі бір нәтижесіне Букмекерлік кеңсе ұсынатын және аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы есептелген сан.

Желі оқиғасының әрбір нәтижесі үшін белгілі бір коэффициент көрсетіледі, ол Букмекерлік кеңсемен уақыт өте келе өзгертілуі мүмкін.

Желі оқиғасының болжамды нәтижесі орын алған кезде, желі оқиғасының ставка мөлшері мен коэффициенттің көбейтіндісіне тең сома бәске Қатысушының Аккаунт теңгеріміне аударылады.

1.8 Нәтиже - желі оқиғасының нәтижесі.

1.9 Ұтыс - осы Ережелерде ұсынылған бәс нәтижесі жүзеге асқан жағдайда бәске Қатысушысына міндетті түрде төленуге жататын мүлдіктік пайда.

1.10 Букмекерлік кеңсесінің электрондық кассасы – ақпараттық-коммуникациялық желілер қолдануымен бәс қабылдауды (есепке алуды) және төлемдерді орындауды жүзеге асыру үшін пайдаланатын ақпараттық жүйе.

1.11 Букмекерлік кеңсесінің кассасы - бәске ставка қабылданатын және ұтыс төленетін орын.

1.12 Тіркелу - бәске Қатысушының жеке тұлғасын орнатуға мүмкіндік беретін бәске Қатысушысы ақпарат ұсынуымен және деректерді енгізумен аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы бәске Қатысушыны тіркеу.

1.13 Ставка - бәске Қатысушысы Букмекерлік кеңсеге беретін және осы Ережелерге сәйкес бәске қатысудың негізгі шарты болып табылатын ақша сомасы.

Ставка Ойын сессиясының ережелеріне сәйкес тәуекелге негізделген келісімді жасау шарты болып табылады.

Букмекерлік кеңсе ставканы қабылдаған кезде оны бәске Қатысушысының Аккаунт теңгерімін осындай ставкаға баламалы сомаға ұлғайту арқылы Аккаунттың теңгерімінде есепке алынатын Букмекерлік кеңсенің белгілеріне айырбастайды.

Теңгерімнің бір бірлігі бір белгіге тең. Бір белгі бір теңгеге сәйкес келеді.

Тәуекелге негізделген келісімде ұтысты (мүлдіктік пайданы) кейіннен есептеу үшін бәске Қатысушысы аударған ставканың сомасын ұлғайтқан / азайтқан жағдайда ставканың сомасы жалпы жиынтық болып есепке алынады.

1.14 Талон / Түбіртек – Букмекерлік кеңсенің кассасында берілетін, желі оқиғаларына ағымдағы бәстер туралы ақпаратты қамтитын құжат.

1.15 Клиент картасы - бәске Қатысушысы туралы ақпарат, желі оқиғаларына жасаған өзекті бәстері және бәске Қатысушысының Аккаунт теңгерімі туралы ақпаратты көрсететін Букмекерлік кеңсесінің картасы, соның ішінде виртуалды карта.

1.16 Ойын сессиясы – ұтысты анықтаумен (бекітумен) аяқталатын, осы Ережелермен айқындалатын бәске Қатысушысы мен Букмекерлік кеңсе арасындағы өзара әрекеттесу рәсімі.

Ойыншы ойын сессиясы кезінде бәске Қатысушысы Букмекерлік кеңсеге аударған қаражат сомасының мөлшерінен кем емес төлем мөлшерін Аккаунттан сұратқан кезде ойын сессиясы орындалған (тәуекелге негізделген келісім аяқталған) деп есептеледі. Жеке мәлімет - электрондық, қағаз және (немесе) басқа материалдық нұсқада жазылған белгілі немесе сол мәлімет бойынша белгілі болатын жеке мәлімет субъектісіне жататын мәлімет.

1.17 Аккаунт – Бәске қатысушы бәске қатысу және ұтыстарды алу үшін ставка және қажетті басқа операцияларды жасау үшін, сонымен қатар әрбір Бәске қатысушы туралы ақпаратты, Бәске қатысушы аударған қаражат, қабылданған бәстер (оның ішінде электронды), бәс нәтижесі нұсқаларының коэффициенті, ұтыстары мен төлемдері туралы ақпаратты есептеу үшін Бәске қатысушы тіркелу кезінде аппараттық-бағдарламалық кешені арқылы Букмекерлік кеңсе ашқан жеке шоты.

1.18 Вилка-ставкалары / арбитраж жағдайлар – бәстің тұтастығын бұзатын және желі оқиғаларына арналған коэффициенттердің өзгеруіне байланысты бәске Қатысушысы немесе бірнеше бәске Қатысушылары үшін ұтылу жағдайын жоққа шығаратын бәске Қатысушысы немесе бірнеше бәске Қатысушылары желі оқиғаларына жасаған ставкалар.

1.19 Экспресстегі бонус – Букмекерлік кеңсе бонустық коэффициентті экспресс коэффициентіне көбейту арқылы белгілі бір коэффициентке қойылған экспресстерге қосуға құқығы бар қосымша коэффициент. Бонус экспресстегі ойындар санына байланысты:

Жалпы коэффициенті кемінде 2,5 болатын экспресс үшін бонус мөлшері:

Ойындар саны	Экспресстегі бонус коэффициенті
2	1.02
3	1.03
4	1.04
5	1.05
6	1.06
7	1.07
8	1.08
9	1.09
10 және жоғары	1.1

Әр оқиға үшін минималды коэффициенті 1,3-тен кем емес 11 немесе одан көп оқиғадан тұратын экспресстер үшін экспресстегі бонус мөлшері:

1,3 коэффициентімен оқиғалар саны	Экспресстегі бонус коэффициенті
11	1.15
12	1.2
13	1.3
14	1.4
15	1.5
16	1.6
17	1.7
18	1.8
19	1.9
20 және жоғары	2

Экспресстегі бонусты қолдану үшін келесі шектеулер орындалады:

- а) Егер есептеу кезінде оқиғаны қайтаруға/қайта есептеуге орай экспресстер коэффициенті 2,5-тен төмен болатын болса, экспресстегі бонус коэффициенті есептелмейді;
- б) Егер экспресстер құрамындағы бір немесе бірнеше ойын 1 коэффициентімен есептелсе, ол ойындар экспресстегі бонус коэффициентін есептеуге қатыспайды. Мысалы, экспресстегі 10 ойынның біреуі қайтарылса, экспресстегі бонус коэффициенті 1,09 болып есептеледі;
- в) Экспресстегі бонус тек интернет ставкаларына қосылады;
- г) Экспресстегі бонус Желі, Live бөліміндегі барлық оқиғаларға және аралас ставкаларға қосылады.
- д) Егер экспресстер 10-нан астам оқиға болса және экспресстердің жалпы коэффициенті 2,5-тен артық немесе оған тең болса, бірақ 1,3 коэффициентімен оқиғалар саны 11-ден аз болса, бәске Қатысушысына 1.1 коэффициентімен экспресстегі бонус беріледі.
- е) 10-нан астам оқиғалардан тұратын экспресстер коэффициенті 1,3-тен төмен есептелген оқиғалар экспресстегі бонусты анықтауға қатыспайды.
Мысалы, 12 оқиғадан тұратын экспресстер бір оқиғаның коэффициенті 1,3-тен төмен болса, экспресстегі бонус коэффициенті 1,15-ке тең болады.
- ж) Экспресстегі бонусты есепке алғанда экспресстердің максималды коэффициенті - 2000.
- з) Бонустық қаражат желі оқиғасына жасалған бәсті есептеу кезінде автоматты түрде Аккаунт теңгеріміне аударылады.

1.20 Бәсті жарамсыз деп жариялау - желі бойынша тігілген бәс жүзеге аспағандықтан есептеу және Аккаунт теңгерімін ұлғайту орындалмайды. Бұл жағдайда желі оқиғасына бәс

тігілмеген болып саналады және мұндай бәс бойынша желі оқиғасына жасалған ставка Аккаунт теңгеріміне қайтарылады.

1.21 Құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуға шектеулі тұлға - құмар ойындарын және (немесе) бәс тігуді теріс пайдалану салдарынан сот арқылы әрекет қабілеттілігі шектеулі деп таныған жеке тұлға, сондай-ақ өзіне құмар ойындарына және (немесе) бәс тігуге қатысуын шектеген Қазақстан Республикасының азаматы.

1.22 Букмекерлік кеңсенің сайты – ақпараттық-телекоммуникациялық Ғаламтор желісіндегі Букмекерлік кеңсенің интернет ресурсы www.olimpbet.kz. Сонымен қатар Букмекерлік кеңсенің мобилді қосымшасы бар.

1.23 Аккаунт теңгерімі – Букмекерлік кеңсенің белгілері мен бонустары ескерілетін Бәске қатысушысы Аккаунтының бөлімі.

Букмекерлік кеңсенің белгілері ақшалай қаражат пен мүлік болып табылмайды, олар ақшалай қаражатты төлеуге акцептісіз талап ету құқығын білдірмейді.

1.24 Төлем / Ұтыс төлемі - Букмекерлік кеңсе бәске Қатысушысы қаражатты сұраған кезде бәске Қатысушысына төлейтін қаражат. Қаражатты төлеу бәске Қатысушысы Аккаунтының теңгерімінде есепке алынатын Букмекерлік кеңсесінің белгілерін қаражатқа айырбастау арқылы жүзеге асырылады.

1.25 Ғаламтордағы ставкалар – Букмекерлік кеңсе Сайты арқылы желі оқиғаларына ставкалар.

1.26 Бонустар – Букмекерлік кеңсенің бонустық бағдарламаға/науқанға сәйкес бәске Қатысушысына беретін арнайы белгілер.

Бонусты пайдалануға тиісті бонустық бағдарламаларда/науқандарда көрсетілген шектеулер бар.

1.27 Фрибет – осы Ережелерге және бонустық бағдарламаларға/науқандарға сәйкес Бонусқа тігілген бәс.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1 Букмекерлік кеңсе аккредиттелген спорт федерациялары немесе халықаралық спорт ұйымдарының, федерациялардың, комитеттердің қолдауымен Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде өтетін спорттық жарыстар аясында орын алатын алдағы шынайы оқиғаларға ерікті негізде желі оқиғаларына бәс қабылдайды.

2.2 Букмекерлік кеңсе аппараттық-бағдарламалық кешен және ұйымдастыру мен бәс өткізу үшін құрал көмегімен барлық жасалған ставкалар сомасының бірыңғай есебін, қабылдауын, желі ставкаларының өңделуін орындайды және қамтамасыз етеді.

2.3 Ойын сессиясы келесі қадамдарды қамтиды:

- ставканы/ставкаларды қабылдау және тәуекелге негізделген келісімді жасау;
- ставканы/ставкаларды есепке алу;
- ставканы белгілерге алмастыру;
- Аккаунт теңгерімін есепке алу;
- Аккаунт теңгерімі есебінен желі оқиғаларына бәс тігу;
- желі оқиғаларына бәсті есептеу;

- желі оқиғаларына тігілген бәс нәтижесін анықтау;
- Ойын сессиясының нәтижелері бойынша ұтысты анықтау (бекіту);
- белгілерді ақшалай қаражатқа айырбастау.

2.4 Ставка қабылдау және бәс тігу осы Ережелермен келіскен тұлғалармен орындалады. Кез келген ставка, бәске Қатысушы осы Ережелердің мәтінімен таныс екенін, олардың мәнін білетінін, оларды дұрыс түсінетінін және олармен толық көлемде келісетінін мүлтіксіз растайды.

2.5 Ставка жасай отырып, сондай-ақ бәс тігу немесе желі оқиғасына бәс тігу кезінде бәске Қатысушы

- 21 жасқа толғанын;
- тиісті құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігіне ие;
- шетелдік мемлекеттік лауазымды тұлға емес екенін, шет мемлекет үшін қандай-да бір қоғамдық қызметті жүзеге асыратын тұлға, қоғамдық халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғасы, халықаралық шарттар мәртебесіне ие келісімдер негізінде мемлекеттер құрған ұйымдарда басқарушылық қызмет атқаратын тұлға емес екендігін, сондай-ақ жоғарыда аталған тұлғалардың отбасы мүшелері немесе жақын туыстары емес екендігін;
- құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуы шектелген тұлға (тұлғалар тізімінде жоқ) емес екендігін;
- Қазақстан Республикасы борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген мүлдіктік өсімпұлдар туралы атқару құжаттары бойынша орындалмаған міндеттемелері бар тұлға емес екендігін растайды.

Егер Бәске қатысушы жоғарыда аталған шектеулердің біреуіне ие болса, онда мұндай Бәске қатысушыға ставка жасауға, бәс тігуге немесе желі оқиғаларына бәс тігуге тыйым салынады.

2.6 Осы Ережелер Букмекерлік кеңсесінің Сайтында көрсетілген. Сонымен қатар осы Ережелер Букмекерлік кеңсесінің Кассаларында орнатылған.

2.7 Букмекерлік кеңсе Ережелерді кез келген уақытта кез келген себеппен жаңа редакцияда бекітуге құқылы. Ережелер жаңа редакцияда күшіне енгізілген күнінен кейін бәске Қатысушының желі оқиғасына бәс тігуі тиісті Ережелерді оқығанына немесе оқымағанына қарамастан жаңа редакцияда қабылданған болып саналады. Ережелер жаңа редакцияда жарияланған күнінен бастап қабылданған және жасалған ставкаларға және бәске жаңа редакциядағы ережелер қолданады.

2.8 Осы Ережелер Букмекерлік кеңсе Сайтында орналастырылған күннен бастап күшіне енеді.

2.9 Бәске Қатысушы осы Ережелерді бұзған жағдайда, сондай-ақ Аккаунт теңгерімімен заңсыз қулық жасалды деген күдік тудырған жағдайда, бірнеше Аккаунттарды пайдалану фактісі анықталған кезде, арбитражды немесе алаяқтық жағдайлар анықталғанда, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, бәске Қатысушы нақты емес жеке деректерді көрсете отырып және / немесе қайта тіркелуді жүзеге асырғанда және / немесе бір IP-мекенжайдан немесе компьютерден екі немесе бірнеше бәске Қатысушының бәс тігуі анықталғандығын көрсететін жағдайларда, Бәске қатысушы құмар ойын және (немесе) бәс тігуге қатысуы шектелген тұлғалардың тізілімінде және/немесе орындалмаған мүлдіктік өсімпұлдар бойынша Қазақстан Республикасы борышкерлердің бірыңғай тізілімінде болған жағдайда Букмекерлік кеңсе өз қалауы бойынша кез келген сәтте бәске Қатысушыға қатысты төмендегі шешімдердің біреуін немесе бірнешеуін қабылдау құқығын өзіне қалдырады:

- бәске Қатысушының желі оқиғаларына бәс тігуге қатысуын шектеу;
- бәске Қатысушының желі оқиғаларына тіккен барлық бәстерін жарамсыз деп тану;
- бәске Қатысушының Аккаунт теңгеріміне желі оқиғасына жасалған ставканы қайтару;
- бәске Қатысушының Аккаунт теңгеріміне толтырылған ставка сомасын қайтаруды жүзеге асыру;
- бәске Қатысушыға кез келген ұтысты төлеуден бас тарту;
- бәске Қатысушыға қолжетімді қаражатты енгізу/алу әдістерін шектеу;
- бәске Қатысушысынан төлем жүйелерінің қызметтері үшін (бәске Қатысушының қаражатын Аккаунт теңгеріміне/теңгерімінен енгізгені үшін комиссиялар/алымдар/сыйақылар және т.б.) Букмекерлік кеңсенің залалдарын және бәске Қатысушылармен ұтыс тігуге қолдау көрсету бойынша Букмекерлік кеңсенің шығындарын өтейтін төлем сомасының 25% мөлшерінде айыппұлды ұстап қалу;
- бәске Қатысушыдан Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Ұтыс төлемі сомасының кемінде 10% мөлшерінде жеке табыс салығын ұстап қалу.

2.10 Қаржы операцияларына (адалдық бағдарламаларын теріс пайдалану, бірнеше Аккаунттарды қолдану, бәс тігу үшін бағдарламалық жасақтама қолдану, басқа ставка жасау мен бәс тігу үшін әдеттегі емес жағдайлар), ставка қабылдау және бәс тігуге байланысты алаяқтық анықталған жағдайда Букмекерлік кеңсе мұндай әрекеттерді ставкаларды жарамсыз деп тану, аккаунт теңгеріміне сәйкес қаражат қалдығын қайтару арқылы Аккаунтты жабу және алаяқтық фактісі бойынша құқық қорғау органдарына жүгіну құқығымен Аккаунттағы теңгерімді бұғаттау арқылы тоқтатуға құқылы.

2.11 Букмекерлік кеңседе тіркелу немесе ставка жасау арқылы Бәске Қатысушы Букмекерлік кеңсеге жеке деректерді жинауға, өңдеуге және қорғауға келесілерге сәйкес сөзсіз келісім бергендігін растайды. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі - Заң) сәйкес, «NetBet (НэтБэт)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, (бұдан әрі - «NetBet(НэтБэт)» ЖШС), BIN 170140017744, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қапшағай қаласы, Сәкен Сейфуллин көшесі, 26/1 ғимарат, 3 б., пошталық индекс 040803, қазір де, болашақта да Бәске Қатысушының жеке деректерін жинауға, өңдеуге, қорғауға және үшінші тұлғаларға трансшекаралық түрде жіберуге, яғни «NetBet(НэтБэт)» ЖШС-мен байланысты адамдарға, Бәске Қатысушының жеке деректерін жинауға, өңдеуге және қорғауға қатысты жағдайларға немесе құқықтық қатынастарға байланысты заңға қайшы келмейтін тәсілдермен (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, туған жері, азаматтығы, жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері (түрі, сериясы, нөмірі, берілген күні, берілген органның атауы), Қазақстан Республикасындағы заңды мекен-жайы, ЖСН, ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта мекен-жайы) осы келісіммен реттелетін мақсаттар үшін Бәске Қатысушы сөзсіз келісім береді. Бәске Қатысушы осы келісімге сәйкес олардың дұрыстығын растайды және олардың өзгерістері туралы жедел хабарлауға міндетті. Бәске Қатысушы «NetBet(НэтБэт)» ЖШС-не Бәске Қатысушының жеке деректерімен барлық әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға, онымен қоса жинауға, жазуға, жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға, нақтылауға (жаңартуға, өзгертуге), бөліп алуға, пайдалануға, беруге (таратуға, қамтамасыз етуге, қол жетімділікке беруге), оның ішінде үшінші тұлғаларға, иесіздендіруге, бұғаттауға, жоюға, заңға сәйкес өшіруге құқығын ұсынады. Бәске Қатысушы оның 21 жасқа толғанын, өз атынан және жеке мүдделері үшін әрекет ететінін, бенефициар иелері мен пайда алушылары жоқ екендігін, шетелдік мемлекеттік қызметкер, шетелдік қаржы ұйымдарының лауазымды тұлғасы емес екенін растайды.

Бәске Қатысушы осымен жеке деректерді келесі мақсаттармен өңдеуге келісімін береді:

- «NetBet(НэтБэт)» ЖШС-де бәске Қатысушы ретінде сәйкестендіру және тіркеу;
- «NetBet(НэтБэт)» ЖШС-де ставка жасау;
- «NetBet(НэтБэт)» ЖШС-де бәс тігу;
- төлемдерді алу;
- «NetBet(НэтБэт)» ЖШС бонустық бағдарламаларына қатысу;
- консультациялар, ақпараттандыру, өтініштер, сауалнамалар, телефон арқылы хабарламалар, SMS хабарламалар, электрондық пошта, жеке кабинет және басқа байланыс түрлерін іске асыру;
- «NetBet(НэтБэт)» ЖШС-нің ставкалар жасаған бәске Қатысушыларын тіркеу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда ақпарат беру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа мақсаттар.

Осылайша Бәске қатысушы өзінің жеке деректерін автоматтандырылған және автоматтандырылмаған (Қатысушының жеке деректерін «NetBet» («НэтБэт») ЖШС қызметкері қолмен толтыруы және енгізуі арқылы) тәсілмен өңдеуге келісімін береді.

Осылайша Бәске қатысушы өзінің жеке деректерін беруге және кез-келген жолмен өңдеуге келісімін береді:

- қолданыстағы заңнамаға сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға;
- ақша қаражаттарын, электрондық ақшаны енгізу, аудару мақсатында банктарға, басқа қаржы және төлем ұйымдарына, төлем агенттеріне;
- қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда, оларды өңдеу үшін басқа тұлғаларға.

Бәске қатысушының жеке деректерін жинауға, өңдеуге және қорғауға келісім осы келісім берілген күннен бастап мерзімсіз әрекет етеді және оны «NetBet(НэтБэт)» ЖШС-не тиісті өтінім жіберу арқылы қайтарып алуға болады.

Бәске қатысушы өзінің жеке деректерін жинауға, өңдеуге және қорғауға берген келісімінен бас тартқан жағдайда, Букмекерлік кеңсе Бәске қатысушының жеке деректерін өңдеуді Бәске қатысушының жеке деректерін сақтау мерзімі аяқталғанға дейін жүзеге асырады. Бұл ретте Букмекерлік кеңсе Бәске қатысушының жеке деректерін қолданыстағы заңнама талаптарына қайшы келмейтін бөлігінде жинауды, сақтауды және өңдеуді тоқтатады.

2.12 Осы Ережелерге сәйкес, Бәске Қатысушы мен Букмекерлік кеңсе арасында бәс, оның ішінде ұтыстарды төлеу мәселелері, желі оқиғалардың нәтижелері, коэффициенттері, бәстің басқа да маңызды шарттарының мәселелері, сондай-ақ бәсті жарамсыз деп тану мәселелері туралы Бәске Қатысушы мен Букмекерлік кеңсе арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, тараптар туындаған келіспеушіліктерді реттеудің кінәрат-талаптық тәртібін (сотқа дейінгі іс жүргізу) белгілейді. Шағым бәстің қорытындысы шыққан күннен бастап 10 (он) күн ішінде беріледі. Шағымға онда жазылған талаптарды растайтын және негіздейтін құжаттар қоса, сонымен қатар, жеке басын куәландыратын құжат берілуі қажет.

Шағымды қарау мерзімі - ол келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн.

2.12.1 Букмекерлік кеңсе өзінің немесе оның қызметкерлерінің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің өміріне, денсаулығына және мүлкіне байбалам, балағат немесе намысқа тиетін

сөздерді қамтитын жазбаша немесе ауызша өтінішті қабылдаған кезде онда қойылған сұрақтардың мәні бойынша өтінішті жауапсыз қалдыруға құқылы.

Егер Бәске қатысушысының жазбаша немесе ауызша өтінішінде оған бұрын жіберілген өтініштерге байланысты мәні бойынша жауаптар берілген сұрақ қамтылған және бұл ретте өтініште жаңа дәлелдер немесе мән-жайлар келтірілмеген жағдайда, букмекерлік кеңсе кезекті өтініштің негізсіздігі және осы мәселе бойынша қатысушымен хат алмасуды немесе қарым-қатынасты тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы.

2.13 Тек Букмекерлік кеңсе жариялаған оқиғалардың нәтижелері желі оқиғаларына бәсті есептеу үшін негіз болып табылады.

2.14 Букмекерлік кеңсе қате (дұрыс емес, нарықтық емес) коэффициенттерге қойылған желі оқиғаларына бәсті жоюға және сондай бәсті дұрыс (нақты, нарықтық) коэффициентпен өз еркі бойынша қайта есептеуге құқығы бар (бірақ міндетті емес). Сондай-ақ, Букмекерлік кеңсенің дұрыс (нақты, нарықтық) коэффициент мөлшерін өз шешімі бойынша анықтауға құқығы бар.

2.15 Букмекерлік кеңсе бәске Қатысушының Аккаунт теңгеріміндегі транзакциялардың заңдылығы мен дұрыстығын тексеруге құқылы, сонымен қатар кез келген уақытта бәске Қатысушының оның ағымдағы деректерін (жеке басын куәландыратын құжат деректерін, тұрғылықты жері туралы мәліметтер, дебеттік несиелік картадан Аккаунт теңгерімін толтырған жағдайда төлем картасы иесінің деректерін және т.б.) қосымша сұрауға құқылы. Букмекерлік кеңсе бәске Қатысушының Аккаунт теңгеріміндегі операциялардың заңдылығы мен дұрыстығын тексеру кезеңінде келесі жағдайларда Аккаунт теңгеріміне қол жеткізуді шектеуге құқылы, егер:

- бәске Қатысушы Букмекерлік кеңсеге ақша аудару фактісін растамады;
- Букмекерлік кеңсе бәске Қатысушының да, басқа үшінші тұлғалардың да қателіктерін, заңсыз, негізсіз әрекеттерін анықтаған жағдайда.

2.16 Букмекерлік кеңсе бәске Қатысушының тіркеу деректерінің тексеруін жүргізуге құқылы. Тексеру процедурасының мақсаты - Бәске Қатысушының тіркелу кезінде алынған жеке деректерін растау. Бәске Қатысушының жалған немесе анық емес ақпарат бергені анықталған жағдайда, Букмекерлік кеңсе оған қолданыстағы заңнамада және осы Ережелерде көзделген шектеулерді қолдануға құқылы.

2.17 Букмекерлік кеңсе, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, бәске Қатысушыға ұтыс төлемін өткізу кезінде салық агенті бола отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, төленетін ақша сомасының 10 (он) пайызы мөлшерінде Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген мөлшерлеме бойынша жеке табыс салығының сомасын ұстап қалуға құқылы. Ұтыс Қазақстан Республикасының салық резиденті болып табылмайтын бәске Қатысушыға төленген кезде, Букмекерлік кеңсе Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленген мөлшерлеме бойынша жеке табыс салығын ұстауға құқылы.

2.18 Букмекерлік кеңсе міндеттері:

- қызметті лицензия негізінде ғана жүзеге асыру;
- аппараттық-бағдарламалық кешен көмегімен ставкаларды қабылдау алдында Бәске Қатысушыны тіркеу;
- ставка қабылдау;
- аккредиттелген спорт федерациялары немесе халықаралық спорт ұйымдарының, федерациялардың, комитеттердің қолдауымен өтетін спорттық жарыстар аясында орын алатын желі оқиғаларына бәс тігу;

- ұтысты Бәске қатысушыға Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы ережелердің талаптары онымен ұстанған жайғдайда төлеу;
- Қазақстан Республикасының «Ойын бизнесі туралы» Заңына және осы Ережелерге сәйкес ұтыс төлеуді қоса алғанда, бәске Қатысушы мен Букмекерлік кеңсе арасында қолма-қол және қолма-қол ақшасыз төлемдерді, оның ішінде электрондық ақшаны қолдана отырып, қабылдау (жасау);
- Қазақстан Республикасының заңнамасында букмекерлік кеңселерде ойын бизнесін ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қатысты өзге де міндеттерді орындау.

2.19 Букмекерлік кеңсе құқылы:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін Букмекерлік кеңсенің кассаларына кедергісіз кіруге шектеулер қоюға;
- осы Ережелерді бұзған тұлғаларға бәс тігуге жол бермеуге;
- қолданыстағы заңнамаға сәйкес ставкаларды қабылдау және ұтыстарды төлеу үшін қажетті ақпаратты ұсынуды бәске Қатысушыдан талап етуге;
- бәске қатысушының букмекерлік кеңсе қызметкерлеріне қатысты агрессивті, орынсыз мінез-құлық, қорқыту, ар-намыс пен абыройын қорлау, балағат сөздер қолданған жағдайда, тиісті шаралар қабылдау үшін уәкілетті органға хабарласуға.

2.20 Бәске Қатысушы құқылы:

- Букмекерлік кеңсемен бәс тігуге;
- бәс нәтижесі бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы ережелердің талаптары онымен ұстанған жайғдайда ұтысты алуға;
- өзінің Аккаунт теңгерімінің жағдайы туралы ақпаратты алуға;
- бәске Қатысуға шектеу қою туралы өтініш беру;
- бәс тігу және ұтысты төлеу тәртібі туралы ақпарат алуға.

2.21 Бәске Қатысушы міндеттері:

- осы Ережелерді ұстану;
- ұтысты төлеу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған шынайы ақпаратты беру;
- ойын бизнесін ұйымдастыру туралы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де талаптарын орындау;
- Букмекерлік кеңсенің қызметкерлерімен өзара әрекеттесу кезінде (телефон әңгімесі, хат алмасу және т.б.) балағат сөздерді қолданбау, қызметкердің ар-намысы мен абыройын төмендетпеу, зорлық-зомбылықтың кез келген түрін қолданамын деп қорқытпау.

2.22 Букмекерлік кеңсенің кассасының келушісі келесі тұлға бола алмайды:

- 21 (жиырма бір жасқа) толмаған;
- алкоголь, есірткі немесе уытқұмарлық масаю күйде болған;
- жалпы қабылданған мінез-құлықтан өзге психикалық ауытқудың айқын көрінетін белгілері бар;
- лас, былғайтын киімде болған;
- жұқпалы аурулардың визуалды белгілері бар;
- бәске қатысуға шектеулері бар тұлға, (шектеулерге қатысты), немесе құмар ойындарға және (немесе) бәске қатысуға тыйым салынған адамдардың тізіміне немесе Бопышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген тұлға.

2.23 Келушінің жағдайы Букмекерлік кеңсе қызметкерлерімен немесе ойын мекемесі жұмыскерлері мен келушілердің жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тұлғалармен, келушінің жағдайын субъективті қабылдау негізімен анықталады.

2.24 Букмекерлік кеңсе өз қалауы бойынша Букмекерлік кеңсенің кассасының аумағына басқа тұлғалардың бұл тыйым салудың себебін түсіндірмеусіз кіруіне тыйым салуға құқылы.

2.25 Келушілерге Букмекерлік кеңсеге кассасына келесі заттарды алып кіруге қатаң тыйым салынады:

- сөмкелер, күнделікті сөмкелерден басқа, чемодандар, спорттық жабдықтар, күнделікті өмірде қолданылмайтын басқа заттар;
- қару-жарақтың кез-келген түрі, оларды алып жүруге немесе сақтауға құқық беретін құжаттардың болуына қарамастан, тікенекті немесе кесетін заттар;
- қару-жарақтың, тікенекті немесе кесетін заттардың репликалары және макеттері;
- уландыратын және улы заттар;
- иісі қатты жиіркенішті заттар;
- жанғыш, химиялық, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен құралдардың кез келген түрлері;
- есірткі, улы және психотропты заттар мен құралдар;
- алкогольді және алкогольсіз сусындар, тамақ;
- жануар және өсімдік әлем объектілері;
- фото және видео, аудио түсірудің техникалық құралдары.

2.26 Букмекерлік кеңсенің Кассасына келушілерге тыйым салынады:

- Букмекерлік кеңсенің Кассасы аумағында фото-, бейне-түсіру, аудио жазба жүргізуге;
- Букмекерлік кеңсенің Кассасы қызметкерлерімен және/немесе келушілердің және Букмекерлік кеңсенің кассасы қызметкерлерінің жеке басы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тұлғалармен бәс тігуге байланысты емес мәселелер бойынша байланысу;
- Букмекерлік кеңсенің Кассасына өтіп, қызмет көрсету аймағында болу, сондай-ақ Букмекерлік кеңсе Кассасы кассирының жұмыс орнында болу;
- басқа Бәске қатысушылардың бәс тігуіне кедергі келтіру, соның ішінде әңгімемен кедергі келтіру, басқа Бәске қатысушыларды бақылау, арқасында тұру және басқаша ыңғайсыздықтар туғызу;
- қоғамдық тәртіпті бұзу, Букмекерлік кеңсенің Кассасындағы адамдарға дөрекі тілмен құрметсіз сөйлеу, Букмекерлік кеңсенің Кассасындағы адамдарға тілін тигізу, сондай-ақ бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру.

2.27 Букмекерлік кеңсе Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында белгіленген талаптарды сақтайды, оның ішінде ойын бизнесін ұйымдастырушы әзірлеген ішкі бақылау ережелеріне және оның жүзеге асыру бағдарламасына қатаң сәйкес әрекет етеді.

3. ЖЕЛІ ОҚИҒАЛАРЫНА БӘСТІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

3.1 Дара ставка – желідегі бір оқиғаның жекелеген нәтижесіне арналған бәс. Ұтыс Букмекерлік кеңсе белгілеген бұл нәтиженің коэффициенті және желі оқиғасына ставка мөлшерінің көбейтіндісіне тең болады.

3.2 Экспресс – бір біріне толықтай тәуелсіз желідегі оқиғалардың бірнеше нәтижелерін бір мезгілде болжауға арналған ставка. Экспресс бойынша ұтыс экспресс коэффициенті және ставка мөлшерінің көбейтіндісіне теңеседі. Экспресс коэффициенті осы экспресске кіретін барлық оқиғалар нәтижелерінің коэффициенттерін көбейту жолымен есептеледі. Егер экспресске қосылған барлық нәтижелер дұрыс болжанса, экспресс ұтқан болып есептеледі.

Кем дегенде бір нәтиженің ұтылысы барлық экспресстің толықтай ұтылысына алып келеді. Экспрессте ойындардың кей біреулері қайтарылған жағдайда, экспресстің жалпы коэффициентін есептеу үшін, сол ойындардың коэффициенті 1 болып саналады.

Мысалы, бәс келесі экспресске тігілген:

#	Ойын	Нәтиже	Коэффициент	Есеп	Нәтиже
1	Футбол. Плимут — Челтенхэм	Жеңіс: Плимут	2,13	Жеңіс	2:1
2	Футбол. Милан — Фиорентина	Жеңіс: Фиорентина форамен (0)	2,52	Қайтару	2:2
3	Хоккей. СКА — Барыс	Екеуі де соғады	1,15	Жеңіс	3:1
4	Теннис. Маррей — Вавринка	Жеңіс: Маррей	1,45	Қайтару	Матч жойылды

Бәс бойынша төлемді есептеу үшін қолданатын экспресс коэффициенті: $2,13 \times 1 \times 1,15 \times 1 = 2,45$

3.3 Жүйе – желідегі оқиғалар нәтижелерінің алдын ала анықталған санынан берілген мөлшер экспресстерінің толық комбинациясы. Жүйеге арналған бәс кезінде нәтижелердің жалпы санын және бір экспресстің мөлшерлілігін (жүйе нұсқасын) көрсету қажет. Жүйе бойынша ұтыс жүйеге кіретін экспресс бойынша ұтыс сомасына тең болады.

3.4 Шартты бәс – бұл кәдімгі бәстерден құралатын тізбек (дара, экспресс немесе жүйе). Бұл бәстің ерекшелігі - ставка бәстің тек бірінші (негізгі) бөлігіне жасалады, ал қалған (шартты) бәске ставка осы тізбектегі бәстің бірінші бөлігінің нәтижесінен алынады. Шартты бәстерге бәстің бірінші бөлігіндегі оқиғаларды қосуға тыйым салынады. Егер барлық негізгі бөлік ұтылса, барлық шартты бәстер де ұтылады. Егер, кез келген себеп бойынша бәстің негізгі бөлігінің ұтысы кем дегенде бір шартты бәске ставка қою үшін жеткіліксіз болса, барлық шартты бәстер жойылады (яғни, негізгі бәс бойынша Аккаунт теңгерімі толтырылады).

3.5 Live – ойын барысы бойынша тігілетін бәстер. Дара Live (ординарлар) бәстер жасауға болады және оларды экспресске немесе жүйеге біріктіруге болады. Тігілген Live бәстерін өзгертуге болмайды.

3.6 Аралас - Live (оқиға басталғаннан соң) бойынша және желі (оқиғаның басына дейін) бойынша кем дегенде бір-бір оқиғадан құралған Экспресс немесе Жүйе ставкаларының бір түрі.

3.7 Осы Ережелердің 3-26 бөлімдерінде бәс түрлері Бәске қатысушының және Букмекерлік кеңсе арасындағы тәуекелге негізделген келісім шеңберінде жасалған желідегі оқиғаларға бәсті білдіреді. Бұл жағдайда ставка желі оқиғаларына ставка ретінде түсініледі, ал ұтыс деп бәске Қатысушысы болжаған желі оқиғаларына тігілген осындай бәстердің нәтижесі түсініледі, оның мөлшеріне бәске Қатысушысының Аккаунт теңгерімі артады.

4. НӘТИЖЕЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

4.1 Бірінші команданың жеңісі – желіде «Ж1» белгісімен белгіленеді.

4.2 Тең ойын – желіде «Х» белгісімен белгіленеді.

4.3 Екінші команданың жеңісі – желіде «Ж2» белгісімен белгіленеді.

4.4 Бірінші команданың жеңісі немесе тең ойын – желіде «1Х» белгісімен белгіленеді. Мұндай бәс бойынша ұтыс үшін бірінші команда ұтылмауы керек-яғни ұтуы немесе тең ойнауы қажет.

4.5 Бірінші команданың ұтысы немесе екінші команданың ұтысы желіде «12» белгісімен белгіленеді. Мұндай ставка бойынша ұтыс үшін бірінші немесе екінші команда ұтуы керек, яғни ойында тең ойын болмауы қажет.

4.6 Екінші команданың жеңісі немесе тең ойын желіде «Х2» белгісімен белгіленеді. Мұндай бәс бойынша екінші команда ұтылмауы керек- яғни екінші команда жеңуі немесе тең ойынуы қажет.

4.7 Фора (Гандикап) – желіде «Ф» белгісімен белгіленеді. Фора ставкаларында голдармен/ұпайлармен/сеттермен т.б. көрсетілетін ойын Қатысушысының басымдығы немесе артта қалуы есебімен матч нәтижесін анықтау қажет. Оқиға нәтижесі белгілі болғаннан кейін, таңдалған команданың голдарына не ұпайларына белгіленген фора қосылады немесе алынады («+» немесе «-» белгісіне қарай).

а) Азиялық фора ставкаларының есептелуі – Екі нәтиже («Ж1 форамен» және «Ж2 форамен»):

- Фораны қосқаннан кейін нәтиже бойынша ставкада таңдалған Қатысушы (команда/ойыншы) жеңетін болса, желі оқиғасына тігілген бәс ұтқан болып есептеледі;
- Фораны қосқаннан кейін нәтиже бойынша ставкада таңдалған Қатысушының (команданың/ойыншының) қарсыласы жеңетін болса, бәс ұтылған болып есептеледі;
- Фораны қосқаннан кейін нәтиже тең болса, ставка қайтарылады, ал экспресс ішінде «1» коэффициентімен есептеледі;
- Белгілі жағдайларда Бәске қатысушының бірден екі фораға бәс тігу мүмкіндігі болады. Бұл ретте ставка сомасының жартысы фораның бірінші мәні бойынша есептеледі, ал ставка сомасының басқа жартысы – екінші мәні бойынша. Мысалы, «Ж1 форамен (-1,5;-2)» (немесе «Ж1 форамен (-1,75)») нәтижесіне қойылған ставка сомасы 100 болса, бұл «Ж1 форамен (-1,5)» нәтижесіне 50 және «Ж1 форамен (-2)» нәтижесіне 50 қойылғандығын білдіреді.

б) Еуропалық фора ставкаларының есептелуі – Үш нәтиже («Ж1 форамен», «Тең ойын форамен» және «Ж2 форамен»):

- Фораны қосқаннан кейін нәтиже бойынша ставкада таңдалған Қатысушы (команда/ойыншы) жеңетін болса, ставка жеңеді;
 - Фораны қосқаннан кейін нәтиже бойынша ставкада таңдалған Қатысушының (команданың/ойыншының) қарсыласы жеңетін болса, ставка жеңіледі;
 - Фораны қосқаннан кейін нәтиже тең болса, кез келген қарсыласқа қойылған фора ставкасы жеңіледі;
 - Егер ставка «Тең ойын форамен» нәтижесіне қойылған болса, фора саны бірінші Қатысушының (команданың/ойыншының) ұпайына қосылады (алынады). Матч нәтижесі фораны есептегенде тең болса, ставка жеңеді;
- Мысалы: Бразилия — Ресей матчында Тең ойын форамен (-2) ставкасы қойылған.

Ставка жеңу үшін, Бразилия 2 гол айырмашылығымен жеңу қажет. Бразилия басқа ұпай айырмашылығымен жеңсе, матч тең есеппен аяқталса немесе Бразилия жеңілсе, ставка жеңіледі.

- Еуропалық фора ставкаларында (Үш нәтиже) қайтару болмайды: үш нәтиженің біреуі жеңіп, екі нәтижесі жеңіледі.

4.8 Тотал - желіде «Тот» белгісімен белгіленеді. Голдар саны тотал болып табылады. Ұтыс үшін дұрыс болжам қажет, атап айтқанда неше гол (ұпай, сет, гейм және т.б.) болатындығы: көрсетілген мәннен көп («Көп») немесе аз («Кем»). Тоталға қойылған ставкаларды есептеу үшін келесі ережелер қолданылады:

- а) Нәтижелерді айқындау кезінде, егер желіде өзгесі көрсетілмесе осы Ережеде ескертілген ойын уақыты есепке алынады;
- б) Тоталға дәл түсу кезінде (нәтиже көп те, кем де емес) - төлем «1» коэффициентімен толенеді;
- в) «Кем - Дәл - Көп» немесе «Кем - Арасы - Көп» үш-нұсқалы нәтижелерде ставкалар қайтарылмайды;
- г) «Жұп/тақ тотал» түрінің ставкалары кезінде және нөлдік нәтиже кезінде «Жұп тоталға» қойылған ставка ұтқан болып есептеледі.
- д) Белгілі жағдайларда Бәске қатысушының бірден екі тоталға ставка жасау мүмкіндігі болады. Бұл ретте ставка сомасының жартысы тоталдың бірінші мәні бойынша есептеледі, ал ставка сомасының басқа жартысы – екінші мәні бойынша.

Мысалы, «Тотал (2,5;3) көп» (немесе «Тотал (2,75) көп») нәтижесіне қойылған ставка сомасы 100 болса, бұл «Тотал (2,5) көп» нәтижесіне 50 және «Тотал (3) көп» нәтижесіне 50 қойылғандығын білдіреді.

4.9 Ойынның нақты есебіне арналған ставкалар.

4.10 Тайм-Матч ставкалары. Бұл бәсте бірінші тайм мен барлық ойынның нәтижесін бір мезгілде табу керек. Бұл нәтижелерді белгілеуге арналған желіде бастапқы әріптер пайдаланылады: Ж - Жеңіс, Х – тең ойын. 1-ші орынға 1-ші тайм нәтижесі, ал 2-ші орынға ойын нәтижесі қойылады. Мысалы, Ж1Ж2 1-ші команданың 1-ші таймдағы жеңісін (Ж1) және ойында 2 команданың жеңісін (Ж2) білдіреді.

4.11 Таймдардың нәтижелілігіне (кезеңнің, ширектің, сеттердің) арналған ставкалар. Бұл ставкада таймдардың (кезеңдердің, ширектердің, сеттердің) қайсысы ойында соғылған голдар (алынған ұпайлар) бойынша нәтижелі болатынын немесе қайсысында бірдей нәтиже болатынын айқындау қажет.

4.12 Турдың немесе ойын күнінің статистикасына арналған ставкалар. Қожайын (қабылдаушы) командасының немесе қонақтардың (қонақ командасының) жеңісі тиісінше қожайын командалар мен қонақ командалардың жинаған голдарының (ұпайларының) айырмасы бойынша айқындалады. Егер турда немесе ойын күнінде ең азы бір ойын ойналмаса, онда турдың немесе ойын күнінің статистикасына («Қожайын – Қонақтар» типін қоса алғанда) ставкалары қайтарылуы тиіс.

4.13 Азиялық гандикап – сайыс нәтижелері бойынша нақты есепті тапқан жағдайда ойыншының ұтуға мүмкіндігін арттыратын орташа коэффициент ретінде ұсынылған форамең нәтижеге ставка. Мысалы, коэффициент +1.25, бұл +1 және +1.5 коэффициенттердің орташа

мені, сондықтан ставка сомасы екі тең бөлікке бөлінеді және екі форамеи ойнайды, егер бұл матчтың нәтижесі болса - бұл жағдайда, екі ставканың ұтысы қосылады.

4.14 Азиялық тотал – желіде көрсетілген нәтижеден жалпы соғылған голдар немесе жиналған ұпайлар саны көп немесе кем екенін анықтау үшін ұсынылатын тоталға ставкалардың түрі. Қолданылатын есептеу жүйесі қаупі аз, негізінде екі бөлікке бөлініп, оқиға нәтижесінің екі мүмкін нұсқасымен ойнайтын ставкалар жасауға мүмкіндік береді. Осылайша, 2.2 коэффициентімен тотал 1,25 көп, жақын екі тоталға 1-ден көп және 1,5-тен көп тоталға бөлінеді, бұл екінші бөлік ұтылған жағдайда ставканың жартысының қайтарылуын есептеуге мүмкіндік береді (бұл жағдайда, егер қорытынды есеп 0: 1 немесе 1: 0 болса). Ставка негізгі уақытта қабылданады, егер өзгеше көрсетілмесе.

5. ЖЕЛІДЕГІ ОҚИҒАЛАРҒА СТАВКАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

5.1 Бәс желі негізінде қабылданады - Букмекерлік кеңсе ұсынған бәс үшін берілетін желідегі оқиғаларға нәтиже ұтыстарының белгілеулері немесе коэффициенттері бар алда болатын желідегі оқиғалар тізімі.

5.2 Коэффициенттер кез келген бәстен кейін өзгеруі мүмкін, бірақ бұрын тігілген бәстерге шарттары өзгеріссіз қалады. Бәс тігу алдында Бәске қатысушылар желідегі барлық өзгерістерді анықтаулары тиіс.

5.3 Бәстер желідегі оқиға басталғанға дейін тігіледі. Оқиға нақты басталғаннан кейін тігілген бәстер (Live ставкаларынан басқа) себептерге қарамастан жарамсыз болып есептеледі және желі ставкалары қайтарылуы тиіс, олар экспресстерден алып тасталады.

5.4 Желіде көрсетілген күн мен уақыт ойын басталған уақытқа емес, осы желідегі оқиғаға арналған бәс тігудің аяқталған уақытына жатады. Қате көрсетілген күн осы Ереженің 5.3-тармағында көрсетілген жағдайлардан басқа, бәсті жою үшін негіз болып табылмайды. Ставкаларды есептеу кезінде желідегі оқиға басталған уақыты нақты уақыты деп есептеледі. Нақты уақыт жарыс өткізетін ұйымның ресми құжаттарының негізінде айқындалады.

5.5 Букмекерлік кеңсе ойыншылар тегі, командалардың т.б. атаулары аудармасының мүлтіксіз дәлдігі үшін жауапты болмайды.

5.6 Талондағы өзгерістер, сондай-ақ толтырудың дұрыстығы бойынша талап-арыздар бәс тігілгеннен кейін 10 (он) минут ішінде ғана қабылданады.

Live ставкалары өзгертілмейді және жойылмайды.

5.7 Командалық жарыстарда «қожайындар» (алаңында ойын өткізетін қабылдаушы команда) және «қонақтар» (қонақ командалар) ұғымы пайдаланылады, букмекерлік желіде қожайын командалар 1-ші орында тұрады («1» белгіленеді), ал қонақ командалар 2-ші орында («2» белгіленеді) болады. Қалған жағдайларда (мысалы, бір ойыннан тұратын кубоктік жарыс немесе бір елде өтетін халықаралық жарыс) жарысқа Қатысушылардың желідегі нөмірленуі шартты, ал ойын өткізу орны туралы деректер ақпараттық сипатта болады.

5.8 Букмекерлік кеңсе Бәске Қатысушыларға Клиент картасын беруге құқылы, бірақ міндетті емес.

5.9 Букмекерлік кеңсе әр Бәске қатысушы үшін өзі жасаған ставкалардың жалпы сома есебін, Аккаунт теңгерімінің есебін және төлемдер есебін тіркейді.

6. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР

6.1 Оқиғаны желіде көрсетілген күннен 48 сағаттан аспайтын мерзімге ауыстырған жағдайда бұл желідегі оқиғаға арналған барлық бәстер сақталады.

6.2 Оқиғаны желіде көрсетілген күннен 48 сағаттан (баскетбол, бейсбол, хоккей үшін - 15 сағаттан, крикет, регби үшін - 24 сағаттан) астам уақытқа ауыстырған жағдайда бұл оқиғаға арналған барлық бәстер жарамсыз деп танылады, ал экспресстерден алып тасталады (спорт түрлері бойынша бөлімдерде қарастырылған жағдайларды қоспағанда).

6.3 Егер оқиға үзіліп және ол үзілген сәттен бастап 30 (отыз) сағат ішінде ойналмаса оған арналған бәс жойылады (осы ережелердің 6.6 тармағына сәйкес бәстерден басқа). Үзілген матч жарамды және оған қойылған бәстер сақталады, егер онда ойынның негізгі уақытынан кемінде:

- футбол - 70 (жетпіс) мин.;
- баскетбол НБА және 4x12 форматындағы басқа чемпионаттар - 40 (қырық) мин.;
- баскетбол - 35 (отыз бес) мин.;
- хоккей НХЛ - 54 (елу төрт) мин.;
- хоккей (оның ішінде ресей) – 50 (елу) мин.;
- америка футболы - 50 (елу) мин.;
- бейсбол - 5 (бес) иннинг;
- спорттың уақытпен регламенттелген өзге де түрлері – кемінде 3/4 (төрттен үші) ойналса жарамды болып есептеледі.

6.4 Тең ойынға жол берілмейтін спорт түрлерінде (бейсболда, баскетболда, американдық футболда және НХЛ плей-офф топтамасында) матч тең есеппен аяқталған жағдайда және матч өткізілген деп саналғанда (осы ережелердің 6.3 тармағын қараңыз), команданың жеңісіне қойылған бәстер «1» коэффициентімен есептеледі, басқа бәстер барлығы матчтың нәтижесі бойынша есептеледі.

6.5 Егер қандай да бір ойын аяқталмаса және өткізілген болып есептелсе, онда ойынды тоқтатқан сәттегі нәтиже барлық бәстер ерекшеліксіз есептелетін нәтиже болып саналады.

6.6 Егер, қандай да бір ойын аяқталмаса және өткізілмеген болып есептелсе, онда оны тоқтату сәтіне біржақты айқындалатын нәтижелер (мысалы, бірінші таймның, бірінші соғылған голдың т.б. нәтижесі) бәстер бойынша есептер үшін қабылданады. Қалған барлық бәстер бойынша «1» коэффициентімен төлем төленеді.

6.7 Егер бір командаға техникалық жеңіліс есептелсе, онда осы матчқа арналған бәс жарамсыз деп жарияланады. Егер техникалық жеңіліс матч басталғаннан кейін есептелсе, барлық ставкалар Осы ережелердің 6.5 – 6.6. тармақтарына сәйкес есептеледі.

6.8 Нәтиже жойылған немесе өзгерген (наразылық, допинг, қорытынды протокол ақпараттарының өзгеруі т.б.) жағдайда төлем үшін бастапқы нәтиже есептеледі. Тікелей оқиға аяқталғаннан кейінгі ресми хаттамалар мен басқа да ресми ақпарат көздері негізінде жарияланған нәтиже Букмекерлік кеңсе бойынша нақты болып саналады: кез-келген келесі өзгерістер бәстің есептелуіне/қайта есептелуіне әсер етпейді.

6.9 Ойынды бейтарап алаңға ауыстырған жағдайда - бәс сақталады, ойынды қарсылас команданың алаңына ауыстыру кезінде бәс жарамсыз деп жарияланады, «экспресстерден» алынады.

6.10 Букмекерлік кеңсе жариялаған нәтижелер ғана бәсті есептеуге негіздеме болып саналады. Мұндай нәтижелерді алуға арналған ақпарат дерекнамасы болып спорттық жарысты өткізетін ұйымның ресми сайттары табылады, және спорт федерацияларының өкілдерінен алынған ресми ақпараттар. Ресми дерекнамасында ақпарат болмаған жағдайда, Букмекерлік кеңсе баламалы ақпарат дерекнамаларын қолдануға құқықты (мысалы, спорт

федерацияларының, спорт клубтарының және турнирлердің ресми сайттары, нәтижелер мен спорт статистикасының ресми тәуелсіз сайттары, жарыс өтіп жатқан орыннан видеотрансляция), сонымен қатар матчтағы меншікті өкілінен алынған ақпарат. Басқа букмекерлік кеңселер жариялаған нәтижелер бәсті есептеуге негіздеме болып табылмайды.

6.11 Экспресстер мен жүйелерге тікелей байланысты емес, бірақ жанама өзара байланысты бір турнир шеңберіндегі тәуелді оқиғаларды, бір ойынға немесе командаға арналған бәсті (мысалы, турнирдегі жеңіске және білгілі бір ойындағы жеңіске) қосуға тыйым салынады. Мұндай бәстер, егер ставкларды қабылдайтын компьютерлік бағдарлама осы бәстерді қабылдауға тосқауыл болмаған жағдайда да жарамсыз деп жарияланады.

6.12 Бәске қатысушылар осы Ереженің талаптарына сәйкес Талонды толтырудың дұрыстығын тексеруге міндетті, өйткені қателік болған жағдайда, болған оқиғаның кінәлісіне және қателік туындау себептеріне қарамастан Букмекерлік кеңсе бәстерді жарамсыз деп жариялауға мүлтіксіз құқықты өзіне қалдырады.

6.13 Даулы мәселелер бойынша талап-арыздар Бәске қатысушының жазбаша өтінішінің негізінде тиісті бәс бойынша оқиға қорытындыларын шығарған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде қабылданады. Оқыс оқиға болмаған даулы жағдайларда түпкілікті шешімді Букмекерлік кеңсе қабылдайды. Бәске қатысушының Букмекерлік кеңсеге кез келген ставка жасау фактісі кез келген даулы мәселе бойынша түпкілікті шешімді Букмекерлік кеңсе қабылдайтын және ол кеңсе үшін және осы Бәске қатысушы үшін түпкілікті болып табылатын фактісімен оның мүлтіксіз келісімін білдіреді. Талап-арыз тек жарысты өткізген ұйым тарапынан дауланатын фактіні ресми құжаттамалық растаулар болған кезде ғана қабылданады.

6.14 Барлық оқиғаларға арналған бәстер негізгі уақытта қабылданады, егер осы Ережеде немесе желіде өзгеше көрсетілмесе.

6.15 Егер нәтиже бәстің барлық шарттарын қанағаттандырса, бәс ұтқан болып есептеледі.

6.16 Бәс тігетін Бәске қатысушы даулы мәселе пайда болған сәтте спорт ойынында болған кез келген оқиға уақытын (салынған гол уақыты, сары/қызыл қағаз көрсету уақыты, хронометраж және т.б.) және спорт оқиғаларының басқа нәтижелерін дәлелдейтін – егер осы Ережелерде өзгесі көрсетілмесе, тек осы Ережелердің 6.17 бөлімінде көрсетілген тәуелсіз компаниялардан алынған ақпарат болып саналады деп келіседі. Көрсетілген ақпарат ставка қабылдау барысында пайда болған мүмкін қателіктер немесе қате коэффициенттерді дәлелдеу үшін қолданады. Бәстің есептелуі тіркелген компаниялардан расталған нәтижені алған уақытқа дейін тоқтатылуы мүмкін (72 сағатқа дейін). Егер расталған мәліметтер тәуелсіз компаниялардан немесе спорт оқиғаның ресми сайтынан көрсетілмеген болса, белгіленген уақыттан кейін бә жарамсыз деп жарияланады.

6.17 Ережелердің 6.16. бөлімінде аталған тәуелсіз компаниялардың тізімі:

- 1) Perform Group;
- 2) Sportradar;
- 3) Betgenius;
- 4) IMG;
- 5) Enetpulse;
- 6) FeedConstruct.

Бәске Қатысушылар (ойыншы, клиент) тіккен бәстегі оқиға нәтижелерін анықтау үшін пайдаланылатын ақпарат көздері жоғарыда көрсетілген тәуелсіз компаниялардан алынған ақпарат болып саналады.

6.18 Букмекерлік кеңсе Букмекерлік кеңсенің іс жүргізуі аяқталғанға дейін / сот ісін қарау аяқталғанға дейін / материал құқық қорғау органдарымен қаралғанға дейін бәсті жарамсыз деп жариялау туралы хабарлауға немесе төлемді / бәс есептелуін мынадай жағдайлар туындаған кезде әкімшілік органдар шешім қабылдағанға дейін тоқтата тұруға құқылы:

а) Букмекерлік кеңседе нақты спорт оқиғасы келісімді болған (алақол спорттық күрес орындалған) деген күдік туған жағдайда. Бұл күдік Букмекерлік кеңседе кез келген (немесе барлық) бәс қабылдау жолдары арқылы қабылданған бәстердің мөлшері, көлемі немесе тәртібінде негізделген болуы мүмкін;

б) ставкаларды қабылдау процесінде осы Ережеден ауытқу кезінде;

в) бәске Қатысушы және/немесе бәске Қатысушылар тобы келісе отырып, әрекет ететін қазіргі шектеулерді айналып өтуге мүмкіндік беретін бәс тіккен кезде (максималды көп төлемдер, арбитражды жағдайлар, т.б. жағдайлар бойынша);

г) рұқсатсыз басқа ойыншының шотына кіру әрекеті болса немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің бұзылуының анық белгілері болса, Букмекерлік кеңсе қызметкерлерінің қатесі болса (пайда болған қателердің себебіне қарамастан), желі оқиғасына бәс қабылдау кезінде бағдарламалық ақауға байланысты, коэффициенттер қате жазылғанда, дұрыс емес коэффициент болған кезде, коэффициенттердің әр позицияда сәйкес келмеуі;

д) бәске Қатысушы осы Ережелерді бұзған жағдайда;

е) чемпионат және/немесе команда атында өткізіліп жатқан жарыстың форматы (өткізу мемлекеті, Қатысушылар жынысы, жас категориясы және т.б.) қате немесе нақты емес көрсетілген жағдайда;

ж) желі оқиғаларына бәстің дұрыс еместігін растайтын басқа да аргументтер болған кезде.

Букмекерлік кеңседе жасалған ставкалар бойынша және бәске келісімін берген бәске Қатысушысы, мына үкіммен өзінің толық қанды, мүлтіксіз келісетінін білдіреді: бәске Қатысушы даулы мәселе кезінде, бастапқы ережеге сай, яғни осы ереженің 6.18. пунктіне сай, Букмекерлік кеңсе қабылдаған барлық ақтық шешім екі жаққа яғни Букмекерлік кеңсемен бәске Қатысушыға бірдей болады.

6.19 Букмекерлік кеңсе қате (нарықтық емес, дұрыс емес) коэффициенттерге қойылған бәстерді жарамсыз деп жариялауға немесе сондай бәстерді дұрыс (нақты, нарықтық) коэффициентпен өз еркі бойынша қайта есептеуге құқығы бар. Сонымен қатар, Букмекерлік кеңсенің дұрыс (нақты, нарықтық) коэффициент мөлшерін өз шешімі бойынша анықтауға құқығы бар.

Коэффициент төменде белгіленген сипаттамаға сәйкес болса, қате (нарықтық емес, дұрыс емес) коэффициент болып есептеледі:

- а) коэффициент бір уақытта Букмекерлік кеңсесі немесе басқа әлемдік жетекші букмекерлер ұсынған коэффициенттермен арбитраж жағдайын тудырады;
- б) коэффициент ставка сәтіндегі матч нәтижесінің ықтималдығына әлбетте сәйкес келмейді;
- в) «мерзімі өткен» коэффициент немесе жүйеде уақтылы жаңартылмаған коэффициент;
- г) қорытындысы белгілі нәтижеге коэффициент;
- д) коэффициент ағымдағы уақыт және/немесе матч есебіне сәйкес келмейді;
- е) коэффициент матч форматына және/немесе жарыс ережелеріне сәйкес келмейді.

6.20 Егер оқиғаның (Қорытынды нәтиженің) бір жеңімпазын (қажетті жеңімпаз санын) анықтау мүмкін болмаса, және желіде өзге көрсетілмесе, бәс «әділеттілік қағидасы» (dead heat) бойынша есептеледі. Ұтқан бәстердің коэффициенті ұтқан нәтижелер санына бөлінеді және сәйкес ставканың сомасына көбейтіледі.

*Мысалы: Турнирдегі үздік бомбардир. Егер үш ойыншы бірдей гол санын соқса, онда сәйкес үш нәтижелердің барлығы ұтқан болып саналады, ставка ұтысы «dead-heat» қағидасы бойынша есептеледі. Егер ойыншы 1200 (кез келген валютада) 6 коэффициентімен қойса, коэффициент ұтқан нәтижелер санына бөлінеді: $6 / 3 = 2$, төлем осы коэффициент бойынша $1\ 200 * 2 = 2\ 400$ есептеледі. Егер коэффициент 1-ден кем болса, ұтыс ставка сомасынан кем болуы мүмкін.*

6.21 Матч басталуына дейін желі оқиғасына тігілген бәс коэффициенті ойынның бастапқы коэффициентінен төмен болса, Букмекерлік кеңсе ұтысты бастапқы коэффициент бойынша беруге құқылы. Бастапқы коэффициент - матчтың белгіленген басталу уақытында айнықталған желідегі (live ставкаларда емес) соңғы коэффициент. Ең үздік бастапқы коэффициент кепілдігіне келесі шарттар қолданылады:

- а) Букмекерлік кеңсе өз еркі бойынша кепілдікке сай болатын оқиғаны таңдайды (матч, турнир, чемпионат) және кепілдік таралатын ставканың максималды сомасын анықтайды;
- б) Букмекерлік кеңсе ұтысты ең үздік бастапқы коэффициентке сәйкес үнсіз келісім бойынша немесе Бәске қатысушылардың талаптары бойынша төлеуге міндетті емес;
- в) Букмекерлік кеңсе кез келген тұлғаға өз еркі бойынша себептерін түсіндірусіз ең үздік бастапқы коэффициент кепілдігінен бас тартуға құқылы;
- г) Кепілдікке тек қана Букмекерлік кеңсенің Сайтында «Желі» бөлімінде және Букмекерлік кеңсемен таңдалған арнайы нәтижелерге жасалған ставкалар қатысады.

6.22 Егер «Чемпионат жеңімпазы», «Үздік бомбардир», «Матчтың үздік ойыншысы» және т.б. ставкаларда «Кез келген басқа» нәтижесі берілмесе және желіде ұсынылмаған команда (ойыншы) жеңімпаз болып тағайындалса, онда бұл бәстің жойылуына негіз болып табылмайды. Желі оқиғасына тігілген бәстер ұтылған болып саналады.

7. ЖЕЛІ ОҚИҒАЛАРЫНА СТАВКАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ШАРТТАРЫ БОЙЫНША ШЕКТЕУЛЕР

7.1 Минималды және максималды ставка кез келген желідегі оқиғаға Букмекерлік кеңсемен орнатылады және ставка жасау кезінде Аккаунтта көрсетіледі. Букмекерлік кеңсе

максималды және минималды ставкалардың орнатылғаны және/немесе өзгертілгені туралы Бәске қатысушыларға хабарлау міндетті емес.

7.2 Экспресс бойынша максималды коэффициент – 2000 (Букмекерлік кеңсе кассаларында - 500).

7.3 Букмекерлік кеңсе кез келген Бәске Қатысушысына және/немесе Бәске Қатысушылар тобына қосымша ескертусіз және себептерін түсіндірусіз Бәс тігу шарттарын өзгертуге немесе Бәсті жарамсыз деп тануға құқылы.

7.4 Оқиғаға арналған максималды сома ағымдағы желіде көрсетіледі және спорт пен оқиға түріне байланысты болады, ол соманы Букмекерлік кеңсе әрбір оқиғаға, әр ставка түріне белгілейді және алдын-ала хабарлаусыз өзгертуі мүмкін. Букмекерлік кеңсе жеке оқиғаларға максималды және минималды соманы, бір нәтижеге қайталама ставкалар қабылдауды, немесе бір бәске Қатысушыдан және/немесе бәске Қатысушылар тобынан нәтижелердің бірдей комбинациясына ставка қабылдауды шектеу құқығын өзіне қалдырады.

7.5 Букмекерлік кеңсенің Бәске Қатысушысына «VIP-ойыншы» статусын беруге құқығы бар. Статус Букмекерлік кеңсенің тәртібі мен негіздері бойынша беріледі.

7.6 VIP-ойыншылар үшін Букмекерлік кеңсе осы Ережелерге қосымшалар орната алады.

7.7 Бәске Қатысушысы VIP-ойыншы статусын қабылдаған жағдайда, ол Букмекерлік кеңсенің барлық ережелермен келіседі.

7.8 Букмекерлік кеңсенің VIP-ойыншы статусынан кез келген себеп бойынша, еш бір алдын-ала ескертусіз айыруға құқығы бар.

7.9 Максималды ұтыс сомасы 500 000 000 теңге.

8. СТАВКАЛАРДЫҢ ЖӘНЕ БӘСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ТӨЛЕМДЕРДІҢ ЕСЕБІ

8.1 Желідегі оқиғаға бәс нәтижесі бойынша ұтыс Бәске қатысушы нәтижесін болжап тапқан жағдайда, ұтыс сомасы Бәске қатысушы жасаған желідегі оқиғаға ставканың коэффициенті санымен көбейтілдісіне тең.

8.2 Түбіртек жоғалған жағдайда ұтыс төленбейді.

8.3 Түбіртектерді есептеу түбіртекте көрсетілген оқиғаның ерте болғанына қарамастан онда көрсетілген соңғы оқиға аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

Бәске Қатысушыға ұтыстарды төлеу бәске Қатысушы ұсынған түбіртек түпнұсқасы мен жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде түбіртекте көрсетілген соңғы оқиға аяқталғаннан кейін 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Букмекерлік кеңсемен орындалады.

8.4 Ұтыс төлемдерін аудару жөніндегі барлық шығыстар Бәске қатысушыға жүктеледі және аударым сомасынан ұсталып қалады.

8.5 Интернетте ставка жасау кезіндегі толтырулар/төлемдер

Ставка жасау, ұтысты (ақшалай қаражат) төлеу кезінде, бәс Қатысушысы төлем қызметтерін жеткізушілерінің, комиссия алуымен және оның мөлшерімен келіседі. Бұл комиссия мөлшерін бәске Қатысушыдан Букмекерлік кеңсе немесе төлем қызметтерін жеткізуші ұстай алады. Ставка толтырудың (ақшалай қаражат) жалғыз мақсаты бәс тігу үшін оларды Аккаунттағы теңгерімге айырбастау. Аккаунт теңгерімін кез келген басқа мақсатпен (мысалы: кез келген ақша аударулар, оның ішінде елді мекендер арасында аударулар, қаражат жинау, қаржылық көмек, өтемақын төлеу және басқа) қолдануға тыйым салынады. Бәске қатысушы қаржы төлемін алу үшін, Аккаунт теңгерімі толтырылған сомадан 50 (елу) % кемінде "1,5" коэффициентімен Интернет ставка жасау қажеттілігімен келіседі, бұл ретте қайтару болып

есептелген бәстер, бір ойынның қарама-қарсы нәтижелеріне қойылған бәстер (мысалы, Ж1/Ж2, Тотал көп/кем және т.б.) және сатылған (Cash out) бәстер есептелмейді.

Көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда Букмекерлік кеңсе қаржыны шығаруды және/немесе басқа жолмен шоттан алуды орындамауға құқылы екенімен Бәске қатысушы келіседі.

Сонымен қатар Бәске қатысушы қылмыстық істер арқылы тапқан табысты заңдастыру (жылыстау) немесе лаңкестікті қаржыландыру мақсатымен қолдануы туралы күдік пайда болған жағдайда және қылмыстық істер арқылы тапқан табысты заңдастыру (жылыстау) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсылық туралы заңнамасында қарастырылған басқа жағдайларда Букмекерлік кеңсе іскерлік қатынасты орнатудан және ақша операцияларын (оның ішінде Аккаунт теңгеріміне ақша енгізу (толтыру), ақша шешу және/немесе басқа жол арқылы шығару) өткізуден бас тартуға құқылы.

Ақша шығару тапсырысын қарастыру мерзімі 72 сағаттан аспайды. Букмекерлік кеңсесіндегі Аккаунт теңгерімінен шығарылған қаражат Бәске қатысушының шотына түсу мерзімі 5 минуттан 5 күнге дейін алады және таңдалған төлем әдісіне байланысты болады.

8.6 Қаражат шығару осы Ереженің 2.17 тармағын ескере отырып жүзеге асырылады.

8.7 Ұтыстарды қолма-қол ақшасыз әдіспен төлеу Бәске Қатысушы тіркеу кезінде көрсеткен деректемелер бойынша жүзеге асырылады.

8.8 Максималды ұтыс желі оқиғасына ставка жасау кезінде Аккаунтта көрсетіледі.

9. ФУТБОЛҒА АРНАЛҒАН СТАВКАЛАР

9.1 Осы Ережелерге сәйкес футболдағы қосымша уақыт деп ойынға негізгі және өтем уақыттан тыс қосылған уақыт түсініледі. Қосымша уақыт әдетте ойында немесе екі ойынның жиыны бойынша жеңімпазды анықтау мақсатында тағайындалады. Қосымша уақыт әрқайсысы 15 (он бес) минуттан тұратын екі таймнан (экстра-таймдар немесе овертаймдар) тұрады.

9.2 Осы Ережелерге сәйкес футболдағы өтем уақыты ойыншылардың жарақат алуы, ауыстыру және т.б. салдарынан туындаған әртүрлі кешігулердің орнын толтыру үшін төреші негізгі уақытқа қосқан уақытты білдіреді. 1-ші таймның өтем уақыты 45-ші минуттан бастап есептеледі (мысалы, 45+1, 45+2, 45+3 т.б.), 2-ші таймның өтем уақыты 90-шы минуттан бастап есептеледі (мысалы, 90+1, 90+2, 90+3 т.б.).

9.3 Футболға арналған барлық ставкалар (олардың ішінде кубок матчтары) желіде өзгеше шарт көрсетілмеген жағдайда, негізгі уақыттың нәтижесіне ғана қабылданады. Матчтың өтем уақытында тіркелген барлық оқиғалар негізгі уақытта жасалған болып саналады. 1-ші таймның өтем уақыты 45-ші минут болып есептеледі. 2-ші таймның өтем уақыты 90-шы минут болып есептеледі. Бұл форматтан өзгеше өтетін матчтарда Букмекерлік кеңсе таймдардың саны және/немесе ұзақтығы туралы қолданушыларға ақпарат беруге міндеттенбейді және бәске Қатысушы матч форматы туралы хабардар болмаған жағдайда Букмекерлік кеңсе жауапты болмайды. Егер форматтың өзгеруіне байланысты қате коэффициенттер ұсынылған болса, Букмекерлік кеңсенің ставкаларды қайтаруға құқығы бар.

9.4 Ойыншылардың алған ескертулердің санымен байланысты барлық бәстер үшін оларды ойыннан шығару есепке алынбайды. Егер ойыншы екі сары қағаз үшін шығарылса, онда сары қағаздың біреуі есепке алынады. Қосалқы ойыншылар, ауыстырылған ойыншылар, жаттықтырушылар мен негізгі уақыт аяқталғаннан кейін көрсетілген қағаздар есепке алынбайды. Екі таймның арасындағы үзіліс кезінде көрсетілген қағаздар екінші тайм есебіне алынады.

9.5 Бұрыштамалар, қақпадан соққылар, ауттар, офсайдтар, фолдар сандарына қатысты оқиғалар келесі жағдайда саналады:

- бұрыштама: нақты бұрыштама белгісінен тебу;
- қақпадан соққы: нақты қақпа маңынан тебу;
- аут: допты ауттан лақтыру;
- офсайд: офсайд белгіленгеннен кейін еркін тебу;
- фол: ережелерді бұзу фактісі белгіленгенде (төреші ысқырығы).

9.6 «Өтеді» ставкалары овертайм (экстратайм) мен пенальти сериясын ескере отырып, қабылданады. Бірнеше ойындардан тұратын кубокті жарыстар үшін «Өтеді» болған ойынның жиынтығы бойынша айқындалады.

9.7 Футболда ойыншыларға қойылған ставкалар келесі ережелер бойынша есептеледі:

а) Кім гол соғады – ойыншы матчта кемінде бір гол соғатынын анықтау қажет. Автогол есептелмейді. Егер ойыншы матч барысында алаңға шықпаса, оған тігілген барлық бәстер «1» коэффициентімен есептеледі. Егер ойыншы басты құрамда шықпай, басқа ойыншыны ауыстыруға шыққан болса, ставкалар өз күшінде қалады. Егер матч 0:0 есебімен аяқталса, барлық ойыншыларға қойылған ставкалар ұтылады.

б) Кім бірінші гол соғады – матчтағы бірінші голды соғатын ойыншыны белгілеу қажет. Автогол есептелмейді. Егер бірінші гол өзінің қақпасына соғылған болса, бұл ставкалар екінші гол соққан ойыншы бойынша есептеледі. Бірінші гол соғылғаннан бұрын ауыстырылған немесе алаңнан шығарылған ойыншыларға қойылған ставкалар ұтылады. Егер ойыншы матчқа қатыспаған болса, немесе алаңға бірінші гол соғылғаннан кейін шыққан болса, оған тігілген барлық бәстер «1» коэффициентімен есептеледі. Бірінші гол соққан ойыншы желіде болмаған жағдайда, басқа ойыншыларға қойылған ставкалар ұтылады. Егер матч 0:0 есебімен аяқталса, барлық ойыншыларға қойылған ставкалар ұтылады.

в) Матчта Ойыншының жеке тоталы (ойыншыларды салыстыру, ойыншылардың көрсеткіші) – белгілі көрсеткіштер бойынша ойыншының жеке тоталын анықтау қажет: соғылған голдар, сары қағаздар және т.б. Автогол есептелмейді. Егер ойыншы басты құрамда шықпаса, ставкалар «1» коэффициентімен қайтарылады.

9.8 Ойындағы дубльге (хет-трик, покерге) қойылған ставкаларда бір футболшының ойында дәл екі доп (дубль), дәл үш доп (хет-трик), дәл төрт доп (покер) салуын немесе салмауын болжау қажет. Автогол саналмайды. Егер матчта хет-трик орындалса, дубльге қойылған ставкалар ұтылады, покер орындалса – дубль және хет-трикке қойылған ставкалар ұтылады.

9.9 Автогол оның есебіне доп жазылған команданың голы ретінде есептеледі.

9.10 Бірінші гол/Келесі гол қалай соғылады/Гол соғу факті – келесі голдың қалай соғылатынын немесе соғылмауын анықтау қажет. Есептеу кезінде келесі ережелер ескеріледі:

- * Автогол – соғылған гол автогол болса, ставка ұтысты болады.
- * Айып алаңынан – айып добын орындаған ойыншы нақты айып алаңынан гол соққан болса, ставка ұтысты болады.
- * Пенальтиден – гол пенальтиден соғылған болса, ставка ұтысты болады.
- * Баспен соғылған гол – гол соғушы голды баспен соққан болса, ставка ұтысты болады. Автогол есептелмейді.
- * Аяқпен соғылған гол – гол аяқпен соғылған болса, ставка ұтысты болады. Айып алаңынан, пенальтиден соғылған гол және автогол есептелмейді. Егер гол ойыншының бастан басқа кез келген дене мүшесімен соғылған болса, бұл гол аяқпен соғылған болып есептеледі.
- * Гол соғылмады – егер бірінші (келесі) гол соғылмаса, ставка ұтысты болады.

9.11 «Конференция Жеңімпазы». Есеп тұрақты кезеңнің аяғында емес, сәйкес плей-офф кезеңі аяқталғаннан кейін анықталады.

9.12 Букмекерлік кеңсе «еріктік жеңіске» ставка қабылдайды. Матч барысында ұтылып жатып, бірақ соңында матчтың негізгі уақытында жеңіске жеткен команда «еріктік жеңіске» жетті деп есептеледі. Егер команда бірінші гол соғып, содан кейін бірнеше гол өткізіп, ұтылып жатса, бірақ матч соңында жеңіске жеткен болса - осындай жеңіс те «еріктік» болып есептеледі.

9.13 Келесі ескертуге тігілген ставкаларда сары қағаз түріндегі келесі ескертуді қай команда ойыншысы алатынын анықтау керек (қызыл карта ставкалардың бұл түрінде ескерту болып табылмайды). Өзара ескерту жасалған жағдайда (матч хаттамасына сәйкес бір уақытта) келесі ескертуге тігілген бәстер «1» коэффициентімен есептеледі. Егер ескертулер болмаса және «ешкімге көрсетілмейді» нәтижесіне желіде коэффициент болмаса, «келесі ескерту» нәтижесіне бәс «1» коэффициентімен есептеледі.

9.14 Егер матчта алмастыру екі командада бір уақытта орындалса (ол ауыстырулардың арасында ойын ойналмаған), «Қай команда бірінші алмастыру жасайды» нәтижесіне бәс «1» коэффициентімен есептеледі. Матчта алмастыру болмаған жағдайда, бәс «1» коэффициентімен қайтарылады. Бірінші алмастыруға қойылған ставкада ол алмастыру қай таймда немесе үзіліс уақытында болатынын болжау қажет. Егер матчта алмастыру болмаса, бірінші алмастыруға қойылған бәстер «1» коэффициентімен қайтарылады. Ресми дерекнама бойынша, матчтың 46-шы минутында болған алмастыру, үзіліс уақытында болған алмастыру болып есептеледі.

9.15 Қақпа бағанасы және/немесе маңдайшасына соққы - доп қақпа бағанасына немесе маңдайшасына тиіп, ойында қалған жағдайда есептеледі.

Қақпа бағанасы және/немесе маңдайшасына соққылар келесі жағдайларда есептелмейді:

- а) доп қақпа бағанасы немесе маңдайшасына тимес бұрын ойын тоқтатылса (кез келген себеп бойынша — фол, офсайд);
- б) доп қақпа бағанасы немесе маңдайшасына тиіп, бірден ойын алаңынан шығып кетсе немесе қақпаға дәл кірсе (гол тіркелсе, ойыншыға, төрешіге басқа бағана немесе маңдайшаға тимесе).

9.16 «Қайсы ертерек» ставкаларында: Сары қағаз голдан бұрын, Сары қағаз алмастырудан бұрын, Сары қағаз бұрыштамадан бұрын, Сары қағаз офсайдтан бұрын, Гол алмастырудан бұрын, Офсайд голдан бұрын, Бұрыштама голдан бұрын және т.б. матчта бірінші оқиға

екіншіден бұрын орындалатынын анықтау қажет. Оқиға (оқиғалар) орындалмаған жағдайда ставкалардың есептелуі:

- а) Егер салыстырудың бірінші оқиғасы орындалса, ал екіншісі орындалмаса, «Иә» нәтижесіне жасалған ставкалар ұтқан болып есептеледі, «Жоқ» нәтижесіне ставкалар ұтылған болып есептеледі.
- б) Егер салыстырудың бірінші оқиғасы орындалмаса, ал екіншісі орындалса, «Иә» нәтижесіне жасалған ставкалар ұтылған болып есептеледі, «Жоқ» нәтижесіне ставкалар ұтқан болып есептеледі.
- в) Егер матчта салыстырылып жатқан екі оқиға да орындалмаса, «Иә» нәтижесіне жасалған ставкалар ұтылған болып есептеледі, «Жоқ» нәтижесіне ставкалар ұтқан болып есептеледі.

9.17 Ойыншы сары немесе қызыл қағаз алады ма – матчта нақты бір ойыншыға сары немесе қызыл қағаз көрсетілетіндігін анықтау қажет. Тек қана алаңдағы ойыншылар мен қақпашыларға көрсетілген сары немесе қызыл қағаздар есептеледі. Егер ойыншы басты құрамда шықпаса, «1» коэффициентімен қайтарылады.

9.18 Статистика (аралық) - нақты белгіленген уақыт кезеңінде болатын матчтағы оқиғаларға жасалатын ставка түрі. Мысалы, бірінші 5 минутқа жасалған ставкаларда 00:00 және 4:59 уақыт аралығында болатын оқиғалар есептеледі, әрбір келесі аралықтың хронометражы сәйкес тәртіпте анықталады (05:00 - 09:59, 10:00 - 14:59 және т.б.). Бірінші таймның өтем уақыты 40:00 және 44:59 аралығына, ал екінші таймның өтем уақыты 85:00 және 89:59 аралығына жатады. Аралық статистикасына қойылған ставкалардың есептелуінде келесі ережелер қолданылады:

- а) бұрыштамаларға қойылған ставкаларда төреші бұрыштаманы белгілеген уақыт емес, ойыншы бұрыштаманы орындаған уақыты есептеледі;
- б) «қағаздарға» қойылған ставкалар төреші қағазды көрсеткен уақыты бойынша есептеледі;
- в) бірінші факт «пенальтиге» қойылған ставкалар пенальтиді белгілеген уақыты бойынша есептеледі;
- г) егер ойын тәртібі бұзылғаны үшін қағаз көрсетілгенге дейін төрешімен пенальти белгіленсе, бірінші факт «пенальтиге» қойылған ставкалар ұтады;
- д) қағаздар санына қойылған ставкаларда сары және қызыл қағаз есептеледі:

сары қағаз - бұл 1 қағаз,

қызыл қағаз - бұл 2 қағаз,

сары/қызыл қағаз - бұл 2 қағаз (сары қағаз ойыншының екінші қағазы болып келсе, одан кейін қызыл қағаз берілсе, «аралықтар» ставкалардың есептелуіне 2 қағаз есепке алынады. Офсайдтар төреші шешім қабылдаған уақытқа байланысты есептеледі. Бұл ереже кез-келген VAR-қайталау жағдайына қолданылады.

е) офсайдтарға ставкалар төреші шешім қабылдаған уақытқа байланысты есептеледі. Бұл ереже кез-келген VAR-қайталау жағдайына қолданылады.

9.19 Ойыншы позициясына қойылған ставкаларда (шабуылшы, жартылай қорғаушы, қорғаушы) ойыншының матчтағы позициясы емес, турнир (маусым) басталуына дейін жарияланған позициясы есепке алынады. Бұл ставкаларда тек қана чемпионаттар мен

командалардың ресми сайттарында жарияланған ақпарат есепке алынады.

9.20 Балама матчтар - бұл матчта командалардың қайсысы өз матчында көбірек гол соғатынын болжамдау қажет.

Мысалы, Балама матч. Манчестер Сити - Тоттенхэм Ж1. Негізгі матч Манчестер Сити - Брайтон 3:1 және Тоттенхэм - Ньюкасл 1:0. Балама матчтың есебі 3:1 болғандықтан, ставка жеңеді.

9.21 «Бірінші факт» және «Соңғы факт» нәтижелеріне қабылданған ставкалар Ережелердің 9.5 тармағына сай есептеледі.

9.22 VAR (Video assistant referee) бейне қайталау қызметін қолдануға жасалған ставкалар тек қана төреші VAR-қайталауды бастау үшін ресми сигналды көрсеткен жағдайларда ғана қатысты болып есептеледі.

9.23 «Чемпионат қорытынды нәтижесі бойынша кім жоғары» нәтижесіне қойылған ставкаларда барлық халықаралық турнирлер үшін басымдылық командалардың жеткен кезеңіне беріледі. Егер екі команда турнирден топтық кезеңде шықса, командалардың орны келесі қосымша көрсеткіштер бойынша анықталынады:

9.23.1 топта жоғарырақ орын;

9.23.2 топта көбірек ұпайлар саны;

9.23.3 соққан және жіберіп алған голдардың үздік айырмашылығы;

9.23.4 соққан доптардың көбірек саны.

Егер осы көрсеткіштер бойынша командалар тең болса, немесе бір плей-офф кезеңінде шықса, ставкалар «1» коэффициентімен есептеледі.

9.24 Матчтан кейінгі пенальти сериясына қабылданған ставкаларда тек қана іске асырылған (соғылған) пенальтилер есепке алынады, егер желіде өзгеше ескертілмесе.

9.25 «Медициналық бригаданың алаңға шығуы» ставкаларында медициналық бригада тек төрешінің рұқсатымен және ойыншыға нақты көмек көрсеткен кезде ғана алаңға шыққан болып саналады. Матч басталуына дейін, үзіліс кезінде немесе матчтан кейін шыққан медициналық бригадалар есепке алынбайды. Басты төреші екі медициналық бригаданы әртүрлі командаларға бір мезгілде шақырған жағдайда, осындай шығулар медициналық бригаданың бір шығуы болып есептеледі.

9.26 «Қақпашының допқа тиюі/Айып алаңының сыртында қақпашының допқа тиюі» ставкаларында допқа нақты иелік ету қақпашының допқа тиюі болып саналады. Егер қақпашы допқа иелену кезінде допқа бірнеше рет тиіп кетсе, онда бұл допқа бір рет тию болып саналады. Қақпашылардың тек ойын алаңында допқа тиюі есепке алынады.

9.27 «Кемшіліктегі гол» ставкаларында бір немесе бірнеше ойыншы алаңнан жойылғаннан кейін сандық кемшілікте болған команда гол соғатынын анықтау қажет.

9.28 «Көпшіліктегі гол» ставкаларында қарсылас команданың бір немесе бірнеше ойыншысы алаңнан жойылғаннан кейін сандық көпшілікте команда гол соғатынын анықтау қажет.

9.29 «Турнирдегі үздік бомбардир» ставкаларында турнирде қай ойыншы ең көп гол соғатынын анықтау қажет. Ставкалар матчтан кейінгі пенальтилерді есептемегенде, қосымша уақыт (овертайм) ескеріле отырып қабылданады.

10. ХОККЕЙГЕ АРНАЛҒАН СТАВКАЛАР

10.1 Барлық чемпионаттарға арналған ставкалар, егер өзгеше ескертілмесе негізгі уақытта қабылданады.

10.2 Букмекерлік кеңсе матчта тек қана негізгі уақытты есепке ала отырып (овертайм және ойыннан кейінгі буллиттерсіз) ойыншылар көрсеткіштеріне ставка қабылдайды. Ойыншылар көрсеткіштеріне голдар және жиналған ұпайлар (гол + пас) жатуы мүмкін. Егер ойыншы ойынға қатыспаса, оған жасалған барлық бәстер қайтарылады («1» коэффициентімен).

10.3 Букмекерлік кеңсе қақпаға шайба лақтырулар мен айып уақытына арналған ставкаларды қабылдайды. 2-минутты алаңнан шығарулар және екі еселенген ұсақ айыппұлдар ғана есепке алынады. Айып уақыты минутпен есептеледі.

10.4 Букмекерлік кеңсе 2-минутты алаңнан шығару санына ставка қабылдайды. «2+2» айыппұл екі алаңнан шығару болып есептеледі. Егер айыппұл кезеңнің/матчтың финалды ысқырығымен бір уақытта орындалса (20:00 40:00 60:00), ол аяқталған кезеңге саналады.

10.5 «Конференция Жеңімпазы». Есеп тұрақты кезеңнің аяғында емес, сәйкес плей-офф кезеңі аяқталғаннан кейін анықталады.

10.6 Букмекерлік кеңсе "құрғақ" матчтар санына ставкалар қабылдайды. Кемінде бір команда гол соқпаған матчтар есепке алынады.

10.7 Алғашқы екі минуттық алаңнан шығаруға ставка. Алғашқы екі минуттық алаңнан шығару тағайындалған ойын ережесін бұзу түрін анықтау қажет. Егер матч хаттамасына сәйкес алғашқы екі минуттық алаңнан шығару екі команда үшін екіжақты және ойын ережелерін бұзудың бірнеше түрі үшін болса, онда мұндай ставка қайтару ретінде есептеледі. Қалған ставкалар әдеттегідей есептеледі.

11. ТЕННИСКЕ АРНАЛҒАН СТАВКАЛАР

11.1 Теннис ойынына арналған фора мен тотал геймдермен көрсетіледі. Тай-брейк бір гейм деп есептеледі. Супер тай-брейк бір геймнен тұратын сет болып есептеледі.

11.2 Букмекерлік кеңсе матч форматының өзгеруін Бәске қатысушыларға хабарландыруға міндетті емес. Егер матч форматының өзгеруіне орай қате коэффициенттер ұсынылса, Букмекерлік кеңсе осындай ставкаларды қайтаруға құқылы. Сонымен қатар, матч жеңімпазына қойылған ставкалар (Ж1, Ж2) нәтижеге сәйкес есептеледі.

11.3 Егер ставка екі команда арасындағы бәсекеге қойылса, әр команданың құрамындағы бір немесе бірнеше ойыншылардың алмастыруы ставкаға ешқандай өзгеріс алып келмейді, яғни ставка өз күшін сақтап қалады. Жұпты командалық жарыста, егер жұп құрамы көрсетілсе, Қатысушылардың ең кемі біреуін ауыстыру кезінде коэффициенті «1-ге» тең болады; егер құрам көрсетілмесе - ставкалар күшінде қалады.

11.4 Корттардың төсемі туралы деректер ақпараттық болып табылады; төсем ауыстырылған кезде ойынға арналған барлық ставкалар күшін сақтайды.

11.5 Егер теннис ойынында Қатысушылардың біреуі кез келген себеп бойынша ойынды жалғастырудан бас тартса (немесе қатысу құқығынан айрылса), ставкалар қайтарылады, ерекше шарттарды ескере:

а) Бірінші сет соңына дейін ойналса, матч жеңімпазына қойылған ставкалар (Ж1, Ж2) күшін сақтайды. Келесі айналымға өткен (турнирді жеңген) ойыншы жеңімпаз атанады.

б) Матч тоқтатылған сәтке дейін нақты белгілі болған нәтижелер күшін сақтайды, яғни олар ойын жалғасқан жағдайда да ойнайтын нәтижелер.

11.6 Егер бас тарту (қатысу құқығынан айыру) ойын басталғанға дейін орындалса, ставкалар қайтарылады.

11.7 Егер теннис ойны үзіліп, сол күні аяқталмаса және/немесе кейінге қалдырылса оған қойылған ставкалар оның шеңберінде ойын жүргізілетін турнир аяқталғанға дейін күшінде қалады.

11.8 Теннис ойынының басы болып бірінші сеттің бірінші гейміндегі бірінші ұпай саналады.

12. БЕЙСБОЛҒА АРНАЛҒАН СТАВКАЛАР

12.1 Ставкалар барлық ықтимал қосымша кезеңдермен (иннингтермен) ойынның түпкілікті нәтижесіне қабылданады. Егер ойын, ойналмаса, онда ставкалар қайтарылады.

12.2 «Конференция Жеңімпазы». Есеп тұрақты кезеңнің аяғында емес, сәйкес плей-офф кезеңі аяқталғаннан кейін анықталады.

13. БАСКЕТБОЛҒА, БАСКЕТБОЛ 3Х3, НЕТБОЛҒА СТАВКАЛАР

13.1 Букмекерлік кеңсе баскетбол матчтарына (сонымен қатар баскетбол 3х3 және нетбол) қосымша уақыт (овертайм) есебімен ставка қабылдайды, бірақ желіде Тең ойын (X) нәтижесі ұсынылған категориялар овертайм есебісіз есептеледі. Бұл жағдайда команданың жеңісіне немесе тең ойынға, сонымен қатар жартылар және ширектерге қойылған ставкалар негізгі уақыт нәтижесі бойынша есептеледі, басқа ставкалардың барлығы овертаймды есепке алып саналады, желіде өзгеше шарт көрсетілмеген жағдайда. Егер матч негізгі уақытта тең есеппен аяқталса, желіде «Тең ойын» нәтижесіне коэффициенттер болмаса және овертайм тағайындалмаса, ойын өткізілген болып есептеледі және матч жеңімпазына жасалған ставкалар қайтарылады.

13.2 Келесі айналымға өту екі матч сомасы бойынша анықталса, және екінші матч соңында ОТ тағайындалса, онда екінші матч ОТ есебімен есептеледі (мысал: бірінші матч 77-86, екінші 86-77).

13.3 Баскетбол 3х3: 10 минут немесе командалардың біреуі 21 (22) ұпайға жеткенге дейін ойналады, 10 минут соңында есеп тең болған жағдайда, 2 ұпайға дейін овертайм тағайындалады. Жоғарыда көрсетілген форматтан айырмашылық ставкаларды жоюға негіз болып табылмайды.

13.4 «Ең нәтижелі (нәтижесіз) ширек тоталына» ставкалар. Екі немесе бірнеше ширектің ең нәтижелі (нәтижесіз) тоталы бірдей болса, ставкалар қайтарылмайды. Есеп тотал бойынша жүргізіледі.

13.5 «Ең нәтижелі ширекке» ставкалар. Екі немесе бірнеше ширектің нәтижесі бірдей ең жоғары болса, ал басқа ширектердің нәтижелері кем болса, онда «Теңдік» ставкасы ұтқан, ал ең нәтижелі ширекке қойылған ставкалар - ұтылған болып саналады.

13.6 «Ең нәтижелі жартыға» ставкалар. Екі жарты бірдей нәтижемен аяқталса, «Теңдік» ставкасы ұтқан, ал ең нәтижелі әрбір жартыға қойылған ставкалар - ұтылған болып саналады.

13.7 Букмекерлік кеңсе ойыншылар көрсеткіштеріне ставкаларды овертайм есебімен қабылдайды. Ойыншылар көрсеткіштеріне: жиналған ұпайлар, пастар, торға түспеген допқа

таласулар және т.б. жатады. Егер ойыншы алаңда 2 минуттан кем ойнаса, тәуелді нәтижелерге ставкалар қайтарылады.

13.8 Букмекерлік кеңсе статистикаға: 3-ұпайлық лақтыруларға, торға түспеген допқа таласуларға, пастарға және т.б. ставкаларды овертайм есебімен қабылдайды.

13.9 Букмекерлік кеңсе Бәске қатысушыларға матч форматы туралы ақпарат беруге міндеттенбейді. Егер форматтың өзгеруіне байланысты қате коэффициенттер ұсынылған болса, Букмекерлік кеңсенің ставкаларды қайтаруға құқығы бар.

14. АМЕРИКАНДЫҚ ФУТБОЛҒА АРНАЛҒАН СТАВКАЛАР

14.1 Бұл спорт түріне қойылған ставкаларда овертайм есепке алынады, желіде өзгеше шарт көрсетілмеген жағдайда. Егер желіде Тең ойын (X) нәтижесі ұсынылса, команданың жеңісіне немесе тең ойынға, сонымен қатар жартылар және ширектерге қойылған ставкалар негізгі уақыттың нәтижесі бойынша есептеледі, басқа ставкалардың барлығы овертаймды есепке алып саналады, желіде өзгеше шарт көрсетілмеген жағдайда.

14.2 «Ең нәтижелі (нәтижесіз) ширек тоталы». Екі немесе бірнеше ширектің ең нәтижелі (нәтижесіз) тоталы бірдей болса, ставкалар қайтарылмайды. Есеп тотал бойынша жүргізіледі.

14.3 «Ең нәтижелі ширек». Екі немесе бірнеше ширектің нәтижесі бірдей ең жоғары болса, ал басқа ширектердің нәтижелері кем болса, онда «Теңдік» ставкасы ұтқан, ал ең нәтижелі ширекке қойылған ставкалар - ұтылған болып саналады.

14.4 «Ең нәтижелі жарты». Екі жарты бірдей нәтижемен аяқталса, «Теңдік» ставкасы ұтқан, ал ең нәтижелі жартыға қойылған ставкалар - ұтылған болып саналады.

14.5 «Конференция Жеңімпазы». Есеп тұрақты кезеңнің аяғында емес, сәйкес плей-офф кезеңі аяқталғаннан кейін анықталады.

15. ФОРМУЛА-1 ЖӘНЕ БАСҚА ДА АВТОЖАРЫСТАРҒА АРНАЛҒАН СТАВКАЛАР

15.1 Қыздыру айналымы жарыс есебіне кіреді.

15.2 Егер екі жарысушы да бірдей жарыстан шығып кетсе, ресми хаттама бойынша кім көп айналымнан өтсе сол жұп жеңімпазы болып саналады. Егер екі жарысушы да бірдей айналым санын өтсе, жасалған ставкалар қайтарылады.

15.3 Жарысушылардың орны жарыс аяқталғаннан кейін бірден жарияланатын ресми қорытынды хаттама бойынша айқындалады. Жарыстан кейінгі болған жарысушыны қатысу құқығынан айыру және хаттамаларға өзгерістер енгізу есепке алынбайды.

15.4 Даулы жағдайларда жеңімпазға арналған ставкалар бойынша подиум және марапаттау рәсімі болып табылады.

15.5 Қорытынды классификацияда бірінші орын алған жарысушы жеңімпаз болып саналады.

15.6 «Қауіпсіздік көлігі қолданылады» нәтижесінің есептелуінде қауіпсіздік көлігінің артынан старт және виртуалды қауіпсіздік көлігі саналмайды.

16. ДОПТЫ ХОККЕЙГЕ АРНАЛҒАН СТАВКАЛАР

16.1 Допты хоккейге арналған ставкалар тек негізгі уақытқа ғана қабылданады (арнайы ескертілген жағдайлардан басқа).

16.2 Егер ойын қандай да бір себептермен негізгі уақыт аяғына дейін ойналмаса - ставкалар қайтарылуы тиіс.

17. БИАТЛОН, ШАҢҒЫ, ТАУ ШАҢҒЫ, ТРАМПЛИННЕН СЕКІРУГЕ АРНАЛҒАН СТАВКАЛАР

17.1 Жарысқа Қатысушылардың қорытынды нәтижелері жарыс аяқталғаннан кейін ресми сайтта бірден жарияланған жарыстың ресми хаттамасына сәйкес анықталады. Жарыстан кейінгі болған жарысушыны қатысу құқығынан айыру және хаттамаларға өзгерістер енгізу есепке алынбайды.

17.2 «Кім жоғары». Ұсынылған жұпта қай спортшы (команда) қорытынды хаттамада жоғары орын алатынын болжау қажет. Екі спортшы бірдей орын алса, «кім жоғары» бәстері жарамсыз деп жарияланады. Спортшылар жарыстың әр түрлі кезеңдерінде шығып кетсе, ставкалар сол кезеңдер бойынша есептеледі.

17.3 «Жеңімпаз». Қорытынды хаттамада бірінші орын алған спортшы (команда) жеңімпаз болып саналады. Егер спортшы (команда) жарыстың еш бір кезеңінде қатыспаса (квалификация, финалдың 1/4 т.б.), «1» коэффициентімен қайтарылады.

17.4 Егер спортшы (команда) жарысқа қатысып (старт жасап), финишке жетпесе, сол спортшыға (командаға) қойылған ставкалар ұтылады.

18. РЕГБИ-ЛИГАСЫ МЕН РЕГБИ-ОДАҒЫНА АРНАЛҒАН СТАВКАЛАР

18.1 Регби ставкалары ойынның 80 минут негізінде есептеледі. Кез келген қосымша уақыт ставканың есептелуіне әсер етпейді, егер ол қосымша уақытқа қойылған ставка болмаса.

18.2 Егер жеңіс пен фораға коэффициент ұсынылған болса, ставкалар жеңіске берілген коэффициент арқылы есептеледі, ставка қойылған кезде фора коэффициенті таңдалмаған жағдайда. Егер ставкалар тек фораға қабылданса, барлық ставкалар фораға көрсетілген коэффициент пен шарттар бойынша есептеледі.

18.3 Егер матч басталмай тұрып немесе екінші таймның аяқталуына дейін жойылса, барлық ставкалар қайтарылады, бірақ нәтижесі белгілі ставкалар, мысалы бірінші сәтті әрекетке қайылған ставка ол әрекет орындалса есептеледі.

18.4 Матчтың/команданың бірінші әрекетіне қойылған ставкаларда пенальти есептелмейді. Бірінші әрекет уақытында алаңда болмаған кез келген ойыншыларға қойылған ставкалар қайтарылады.

18.5 «Кез келген уақыттағы әрекеттер» ставкаларында бастапқы құрамда шықпаған ойыншыларға қойылған ставкалар қайтарылады.

18.6 Матч басталуы бастапқы уақытынан 24 сағаттан кем уақытқа өзгертілсе, ставкалар өз күшінде қалады. Егер матч жарияланған алаңнан басқа жерде өткізілсе, ставкалар өз күшінде қалады. Матч қарсыластың алаңына өзгертілмесе (немесе халықаралық матчтарда - жарияланған елде өткізілсе), осы ереже қолданылады.

18.7 Әрекеттер тоталына арналған ставкаларда айып әрекеттері де есептеледі. Ставкалар тек негізгі уақытқа қолданылады.

19. КРИКЕТКЕ АРНАЛҒАН СТАВКАЛАР

19.1 Ставкалар ресми нәтиже бойынша есептеледі. Егер ойын «нәтижесіз ойын» деп ресми жарияланса, бұл ойындағы барлық ставкалар қайтарылады. Егер ойынға сыртқы факторлар әсер етсе (мысалы, ауа-райының нашарлығы) бәс жарысты өткізудің ресми ережелері негізінде есептеледі (соның ішінде Дакворт-Льюис (DL) әдісін пайдаланатын матчтарда және жоспарланған оверлер саны азайтылған матчтарда).

19.2 Егер матч тең аяқталса, және Букмекерлік кеңсе тең ойынға ставка қабылдамаған болса, және жарыстың ресми ережелері бойынша жеңімпаз жарияланбаған жағдайда, матч жеңімпазына қабылданған ставкалар қайтарылады.

19.3 Егер матч жоспарланған уақытынан кейін 24 сағат аспайтын мерзімге өзгертілсе, ставкалар күшінде қалады, олар өзара келісім бойынша жойылмаған жағдайда. Матч жоспарланған уақыттан 24 сағат ішінде ойналмаса, ставкалар қайтарылады.

19.4 Егер серия ойындардың жоспарланған саны аяқталмай тұрып үзілсе, немесе ойындардың жоспарланған санын ауа райына байланысты өткізу мүмкін болмаса, серияның соңғы матчында лидер болған команда жеңімпаз болып саналады. Серияның нақты есебіне қойылған ставкалар қайтарылады. Егер серия ойындардың жоспарланған саны аяқталмай тұрып үзілсе, немесе ойындардың жоспарланған санын ауа райына байланысты өткізу мүмкін болмаса, сериядағы соңғы матчтан кейін жасалған ставкалар қайтарылады.

19.5 Келесі ойыннан шығару әдісі. Бұл нәтиже берістегі команданың келесі қағу әдісі арқылы анықталады. Егер кез келген бэтсмен ставка қабылданғаннан кейін алаңды кез келген себептен қалдырса, ставка келесі шығаруда есептеледі. Егер ставка қабылданғаннан кейін иннингстің соңына дейін шығару орындалмаса, ставкалар қайтарылады.

19.6 Келесі викеттің құлауы. Бұл нәтиже белгіленген викетті (мысалы, 5-ші викет) түсіру барысында команда жинаған иннингстегі жалпы жүгірістер саны арқылы анықталады. Егер кез келген бэтсмен алаңды кез келген себептен қалдырса, ставка келесі викетті түсіру барысындағы тоталы арқылы есептеледі. Егер иннингстің соңына дейін команда хабарлама шығару немесе өз мақсатына жету себебінен ыкетті құлату орындалмаса, ставкалар иннингстің аяқталуына дейінгі жалпы жүгіріс саны бойынша есептеледі. Егер иннингс ауа райыға байланысты аяқталса, ставкалар қайтарылады, оған дейін есептеліп қоймаса.

19.7 Үздік бэтсмен/боулер. Бұл нәтиже бэтсменнің/боулердің бөлек алынған иннингтегі ең жоғары жеке есебі арқылы анықталады. Бэтсменге нәтижелер жүгірістер саны бойынша, ал боулерге нәтижелер құлаған викет санына байланысты. Екі немесе көбірек боулер викеттерді тең есеппен құлатса, оверде жіберілген жүгірістер саны ең аз (экономи-рейт) боулер жеңімпаз болып саналады. Тест матчтарында ең мықты бэтсменге/боулерге қойылған ставкалар әр команданың тек бірінші иннингі арқылы есептеледі.

19.8 Егер бэтсмен/боулер алаңды қалдырып, өз иннингін жалғастырмаса, оның есебі сақталады. Бастапқы 11 ойыншылар құрамында шықпаған кез келген ойыншыларға қойылған ставкалар қайтарылады. Бастапқы құрамдағы кез келген ойыншыға қойылған ставкалар ол соққан да, соқпаған да жағдайда сақталады. Егер екі немесе одан көп ойыншылар үздік бэтсмен/боулер атағына ұмтылса, сол ойыншыларға қабылданған ставкалар «әділеттілік қағидасы» (dead heat) бойынша есептеледі.

19.9 Үздік бэтсменге/боулерге қойылған ставкалар келесі шарттар орындалған жағдайда қайтарылады:

а) егер иннингте 50-ден кем овер өткізілсе немесе команда хабарлама шығармаса, тест матчында үздік бэтсменге/боулерге қойылған ставкалар қайтарылады;

б) егер иннингте 20-дан кем овер өткізіліп, команда хабарлама шығармаса және матчта ұту үшін мақсатқа жетпесе, бір күндік матчта (Twenty20 матчтарынан басқа) үздік бэтсменге/боулерге қойылған ставкалар қайтарылады;

в) егер иннингте 5-тен кем овер өткізіліп, команда матчта ұту үшін мақсатқа жетпесе, Twenty20 матчтарында үздік бэтсменге/боулерге қойылған ставкалар қайтарылады.

г) егер бірде бір викет құламаса, матчта үздік боулерге қойылған ставкалар қайтарылады.

19.10 Тек белгіленген бэтсменнің жүгірістері есептеледі. Бэтсменнің иннингсі барысында орындалатын қосымшалар (уайд бол, ноу бол, лег бай және басқа) сол бэтсменнің жүгірістері болып саналмайды. Егер бэтсмен алаңды жарақат себебінен қалдырып, беріске қайта оралса, қорытынды нәтиже болып бэтсменнің иннингс барысында жасаған жалпы жүгірістер саны саналады. Егер бэтсмен алаңды жарақат себебінен қалдырып, сол иннингс барысында беріске қайта оралмаса, қорытынды нәтиже болып бэтсменнің жарақат алдында жасаған жүгірістер саны саналады.

19.11 Оверлері шектелген матчтарда, егер нәтиже әлі белгісіз болып, матчта жоспарланған оверлер саны азайтылса, бэтсмен жүгірістеріне қойылған ставкалар қайтарылады. Тест матчтарында бэтсмен жүгірістеріне қойылған ставкалар иннингстің ұзақтылығынан тәуелсіз есептеледі.

19.12 Алты ұпайлық жүгірістері ең көп командаға қойылған ставкалар егер матчтың ресми нәтижесі «Нәтиже жоқ» деп жарияланса, қайтарылады.

19.13 Матч ойыншысына ставкаларда оверлері шектелген және тест матчтарында ставкалар ойнау үшін ойыншылардың екеуі де матчтың бір уақытында лақтыру сызығында орналасу қажет. Көбірек жүгіріс жасаған екі ойыншының біреуі жеңімпаз болып саналады. Екі ойыншы бірдей жүгіріс жасаған жағдайда, ставкалар қайтарылады.

19.14 Оверлері шектелген матчтарда, егер нәтиже әлі белгісіз болып, матчта жоспарланған оверлер саны азайтылса, матч ойыншыларына қабылданған ставкалар қайтарылады. Тест матчтарында матч ойыншыларына қойылған ставкалар иннингстердің ұзақтылығынан тәуелсіз есептеледі.

20. ДАРТСҚА АРНАЛҒАН СТАВКАЛАР

20.1 Егер ойыншы матчты бастамаса (лақтыру орындамаса), бұл матчқа қабылданған ставкалар қайтарылады.

20.2 Егер матч басталып (кемінде бір лақтыру), аяқталмаған жағдайда, жарыстың келесі кезеңіне өтетін Қатысушы матч жеңімпазы болып саналып, матчқа қойылған басқа ставкалар қайтарылады.

20.3 Матч тең болып аяқталса, Ең жоғары чекаутқа қойылған ставкалар қайтарылады.

21. СНУКЕРГЕ АРНАЛҒАН СТАВКАЛАР

21.1 Снукерде матчтың басталуы болып бірінші фреймнің брейкі саналады, бірінші фреймде ре-рэк (қайта ойнау) болған жағдайда да. Кешіккен ойыншының кез келген айып фреймдері есептеледі.

21.2 Егер ойыншы турнирдің немесе матчтың басталуына шықпаса, сол ойыншыға немесе ойыншы қатысатын матчтарға қойылған ставкалар қайтарылады.

21.3 Қайта ойнау жағдайында, фреймнің басына дейін қабылданған ставкалар сақталып, нәтиже анықталғаннан кейін есептеледі, егер ставка нәтижесі белгісіз болса. Бұндай фреймде қайта ойнаудың алдында жиналған ұпайлар көшірілмейді. Фреймге брейктің алдында (және оның алдындағы кез келген қайта ойнаудан бері) бірақ қайта ойнауға дейін жасалған ставкалар қайтарылады.

21.4 Фреймнің нақты есебіне және фрейм тоталдарына қойылған ставкаларда, егер матч аяқталып, ешбір ойыншы матчта жеңу үшін жосапланған фреймдерден жеткілікті фрейм санын ұтпаса (мысалы, матч барысында ойыншының бас тартуы немесе дисквалификациясы), фреймнің нақты есебіне және фрейм тоталдарына қойылған барлық ставкалар қайтарылады.

21.5 Бірінші соғылған шардың түсіне қойылған ставкаларда бос шар немесе фол ретінде соғылған шарлар есептелмейді. Келесі түстер болу қажет: сары, жасыл, қоңыр, көк, қызғылт немесе қара.

21.6 Егер матч басталғаннан кейін ойыншы бас тартып немесе дисквалификация алса, жарыстың келесі кезеңіне өткен ойыншы матч жеңімпазы болып саналады. Басқа ставкалар (мысалы, нақты есеп, фора, т.б.) қайтарылады.

22. КИБЕРСПОРТҚА АРНАЛҒАН СТАВКАЛАР

22.1 Жалпы ережелер

22.1.1 Ойын форматы Bo1, Bo2, Bo3 және т.б. (ағыл. Best of 1, 2, 3, 5 және т.б.) матчтағы жалпы карталар санын білдіретін жүйе бойынша өткізіледі. Матч жеңімпазы ұтқан карталары ең көп команда болып есептеледі, мысалы Bo3 - кемінде 2 жеңіс, Bo5 - 3 жеңіс және т.б.

22.1.2 Егер матч тең нәтижемен аяқталса, бірақ «Тең ойын» (X) нәтижесі Букмекер кеңсесінің сайтында ұсынылмаған болса, және жарыстың ресми ережелері бойынша жеңімпаз жарияланбаған жағдайда, Жеңімпазға тігілген бәс жарамсыз деп жарияланады.

22.1.3 Ойыншылар санының, сонымен қатар олардың команда құрамында өзгеруі (ойыншының серверден «шығып кетуі», DDoS-шабуылы және т.б. себептер бойынша) ставкаларды жою үшін негіз болып есептелмейді.

22.1.4 Егер командалардың біреуі ойын барысында кез келген себеп бойынша ойынды жалғастырудан бас тартса (немесе қатысу құқығынан айырылса), ол командаға қабылданған ставкалар ұтылады. Егер бас тарту (қатысу құқығынан айыру) ойын басталғанға дейін орындалса (барактан криптардың/миньондардың жолға шығуы), немесе техникалық жеңіліс бірінші айналымда орындалса, барлық ставкалар «1» коэффициентімен қайтарылады. Егер команда өз атын өзгертсе, осы команда қатысатын матчтарға қойылған ставкалар сақталады.

22.1.5 Егер матч басталу уақыты өзгертіліп, матч 48 сағат ішінде басталса, ставкалар сақталады. Егер матч 48 сағат ішінде ойналмаса, ставкалар қайтарылады.

22.1.6 Егер матчты басқа уақытқа ауыстыруға немесе команданы қатысу құқығынан айыруға әкелетін техникалық ақаулыққа (DDoS шабуылы, ойыншылардың жабдықтарының сынуы және т.б.) байланысты ағымдағы матчты жалғастыру мүмкін болмаса, бұл ставкаларды жою үшін негіз болып есептелмейді, матчтың қорытынды нәтижесін білуге мүмкіндік бермейтін жағдайдан басқа.

22.1.7 Ойын басталғанға дейін 1 карта артықшылығы - турнир ережесі немесе төрешілердің шешімі бойынша командалардың біреуіне 1 карта бойынша ұтыс «сырттай» беріле алады (техникалық жеңіліспен шатастырмаңыз). Желіде (ойынның басына дейін ставкаларда) карта тоталына және нақты (рет бойынша) картада жеңіске қабылданатын ставкаларда бұл «сырттай» карта есепке алынбайды. Яғни, Желідегі бірінші карта болып Қатысушылар ойнаған бірінші карта есептеледі.

22.1.8 Рехост (ағыл. rehost), қайта ойнау, белгілі бір уақытта ойынды кері шегіну (сервер құлау, желілік қателер, DDoS-шабуылы және т.б. жағдайларда), кейіпкерлерге, карталарға, ойындағы раундтарға тәуелсіз, ставкаларды жоюға негіз болып табылмайды.

22.2 Тәртіп бойынша ставка есептеу ерекшеліктері:

22.2.1 Dota 2 және League of Legends

а) «Матч жеңімпазы» нәтижесінің есептеуі негізгі тақ жойылған кезде жазылған мәліметтер бойынша орындалады. Бір команда берілген жағдайда да (бұл жағдайда тақ қарсыластың тікелей әсерімен жойылмайды) ставка тақ жойылған кезде жазылған мәліметтер бойынша есептеледі.

б) Негізгі тоталдар және форалар карталар саны мен айырмашылығына ұсынылады. «Карта» категориясында тоталдар және форалар өлімдер саны мен айырмашылығына ұсынылады.

в) «Бірінші қан» - қарсылас командамен кейіпкерді бірінші өлтіруі. Картада бейтарап криптармен, қарсылас криптармен, мұнарамен жасалған бірінші өлтіру есептелмейді және ставка қарсылас команданың кейіпкерлерімен жасалған бірінші өлтіруге дейін күшін сақтайды.

г) «Өлтірулер бойынша жарыс» - бірінші болып өлтірулердің N санын жинаған команда есепке алынады.

д) «Рошан» - бірінші болып Рошанды (ең мықты бейтарап құбыжық) өлтірген команда есепке алынады.

е) «Карта ұзақтығы (мин)» - картада ойналған минуттар ұзақтығы есепке алынады. Мысалы, карта 37 минут 01 секундта аяқталды, тот 37 (көп) ставкасы ұтыс болып есептеледі, ал тот 37 (кем) ставкасы ұтылады. Егер карта 37:00 уақытында аяқталса, бұл ойынға ставкалар «1» коэффициентімен есептеледі (ставкалар қайтарылады).

ж) «Ойыншылар жекпе-жегі» - Жеңіске, фораға және тоталдарға ставкалар ретінде ұсынылған өлтірген кейіпкерлер бойынша ойыншылардың жеке жекпе-жегі есепке алынады.

з) Егер матчты басқа уақытқа ауыстыруға немесе команданы қатысу құқығынан айыруға әкелетін техникалық ақаулыққа байланысты ағымдағы матчты жалғастыру мүмкін болмаса, бұл ставкаларды жою үшін негіз болып есептелмейді, матчтың қорытынды нәтижесін білуге мүмкіндік бермейтін жағдайдан басқа.

и) Ойындағы «қос өлтіруге» және «үштік өлтіруге» жасалған ставкаларда 10 минуттық уақыт ішінде бір кейіпкермен тура екі кейіпкер (қос өлтіру), тура үш кейіпкер (үштік өлтіру) өлтірілетінін анықтау қажет. Егер осы уақыт ішінде ойыншы «үштік өлтіру» немесе одан көп жасаса - «қос өлтіруге» ставкалар ұтылады, ал егер ойыншы «үштік өлтіруден» көп жасаса - «үштік өлтіруге» және «қос өлтіруге» ставкалар ұтылады.

22.2.1.1 Dota 2. Pub Games

а) Барлық ұсынылған оқиғалар кездейсоқ таңдалған ойыншылар арасындағы нақты уақыттағы ойын болып табылады. Көрсетілім www.twitch.tv сайтында, сонымен қатар Dota 2 ойынының клиентінде қолжетімді;

б) Картаның 10 минутына дейін орындалған оқиғалар, мысалы: өз командасына әдейі келтірілген зиян, АФК (ойыншының компьютерден ұзақ уақытқа кетуі), ойыншылардың техникалық мәселелері - осы картаға қойылған ставкалардың қайтарылуына себеп болып табылады. Картаның 10 минутынан кейін, ойыншылардың әрекеттерінен тәуелсіз, ойын нәтижесіне сай есептеледі;

в) Кез келген команданың тағы жойылған кезде, матч аяқталған болып саналады. б) тармақшасынан басқа барлық жағдайларда ойын аяқталған болып есептелмейді.

22.2.2 Counter-Strike 2

а) Кемінде 13 раундта (немесе турнир ережесіне сәйкес) жеңген команда матч жеңімпазы болып есептеледі.

б) Раунд жеңімпазы болып картада барлық қарсыластарын бомба құрау/зиянсыздандыру, раунд таймерінде уақыттың бітуі арқылы (Counter Terrorist үшін) өлтірген команда саналады.

в) Раунд нәтижесі 15-15 болған жағдайда, 6(10) қосымша раунд (Овертайм) тағайындалады. Овертаймда жеңу үшін, 2 раунд артықшылыққа жету қажет. Овертайм да тең нәтижесімен аяқталса, қосымша 6 (10) раунд тағайындалады, және солай матч жеңімпазы белгілі болғанша.

г) Матчтың форматы өзгерген жағдайда (карталар, раундтар саны және т.б.), ставкалар «1» коэффициентімен есептеледі, белгілі болған нәтижелерге қойылған ставкалардан басқа.

д) «Ойыншылар жекпе-жегі». Жеңіске, фораға және тоталдарға ставкалар ретінде ұсынылған өлтірулер (фрагтар) саны бойынша ойыншылардың жеке жекпе-жегі есепке алынады.

е) «AWP-дан ең көп өлтірулер саны». Жеңіске, фораға және тоталдарға ставкалар ретінде ұсынылған «AWP» қаруы арқылы жасалған өлтірулер (фрагтар) саны бойынша ойыншылардың жеке жекпе-жегі есепке алынады.

ж) Негізгі тоталдар және форалар карталар саны мен айырмашылығына ұсынылады. "Карта" категориясында тоталдар және форалар раунд саны мен айырмашылығына ұсынылады.

з) Ойыншылардың статистикасы. (Эйс, қарсы тұру, тағы басқалар)

Егер ойыншы картада ойналған раундтардың жартысынан азын ойнаған болса, онда бұл ойыншыға қойылған бәс «1» коэффициентімен есептеледі (ставкалар қайтарылады).

22.2.3 Starcraft 2

а) Бұл тәртіпке ставкалар жеңіске, фораға және тоталдарға нәтижелер ретінде ұсынылады.

б) Ойынның басталуына дейін берілген техникалық жеңіліс кезінде, бәс «1» коэффициентімен есептеледі. Ойынның басталуынан кейін техникалық жеңіліс тағайындалған жағдайда, барлық ставкалар жарамды болып қалады (Қатысушылардың біреуіне техникалық жеңіліс туралы хабарланған уақытта ставка нәтижесі белгілі болған жағдайда).

22.2.4 HearthStone

а) Бұл тәртіпке ставкалар жеңіске, фораға және тоталдарға нәтижелер ретінде ұсынылады.

б) Ойынның басы болып екі ойыншының колодадан бірінші карталары шыққан уақыт саналады.

в) Ойынның толық тоқтатылуы/үзілуі (аяқтау/жалғастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда) немесе техникалық жеңіліс жағдайында, сол уақытта анықталуы мүмкін барлық ставкалар нәтижелер бойынша есептеледі. Нәтижелері белгілі болмаған ставкалар «1» коэффициентімен есептеледі.

г) Кез келген себептен (DDOS шабуылы, желілік қосылыстың ажырауы) матчты аяқтамаған ойыншы ағымдағы және кейінгі ойындарда жеңілген болып есептеледі.

22.2.5 Overwatch

а) Бұл тәртіпке ставкалар жеңіске/тең ойынға, фораға және тоталдарға нәтижелер ретінде ұсынылады.

б) Ойынның толық тоқтатылуы/үзілуі (аяқтау/жалғастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда)

немесе техникалық жеңіліс жағдайында, сол уақытта анықталуы мүмкін барлық ставкалар нәтижелер бойынша есептеледі. Нәтижелері белгілі болмаған ставкалар «1» коэффициентімен есептеледі.

22.2.6 PUBG

«Кім жоғары» - жеңіске нәтиже ретінде ұсынылған картада/матчта алынған орындар бойынша командалардың кестедегі орналасуы есепке алынады.

22.2.7 FIFA

а) Осы ойынға ставкалар жеңіс/тең ойын, сонымен қатар форалар мен тоталдар нәтижелері ретінде ұсынылады.

б) Осы ойынға нәтижелер Футбол спорт түрінің ережелері (9 Ережелер тармағы) бойынша есептеледі.

22.2.8 NBA

а) Осы ойынға ставкалар жеңіс/тең ойын, сонымен қатар форалар мен тоталдар нәтижелері ретінде ұсынылады.

б) Осы ойынға нәтижелер Баскетбол және Американдық футбол спорт түрлерінің ережелері (13 және 14 Ережелер тармақтары) бойынша есептеледі.

22.2.9 NHL

а) Осы ойынға ставкалар жеңіс/тең ойын, сонымен қатар форалар мен тоталдар нәтижелері ретінде ұсынылады.

б) Осы ойынға нәтижелер Хоккей спорт түрінің ережелері (10 Ережелер тармағы) бойынша есептеледі.

22.2.10 AO International Tennis

а) Осы ойынға ставкалар жеңіс/тең ойын, сонымен қатар форалар мен тоталдар нәтижелері ретінде ұсынылады.

б) Осы ойынға нәтижелер Теннис спорт түрінің ережелері (11 Ережелер тармағы) бойынша есептеледі.

22.2.11 Киберспорттың басқа түрлері

а) Осы ойындарға ставкалар жеңіс/тең ойын, сонымен қатар форалар мен тоталдар нәтижелері ретінде ұсынылады.

б) Осы ойындарға нәтижелер сәйкес спорт түрінің ережелері бойынша есептеледі.

23. БОКС ЖӘНЕ АРАЛАС КҮРЕСКЕ (ММА) АРНАЛҒАН СТАВКАЛАР

23.1 «Алдын-ала жеңіс» - нокаутпен, техникалық нокаутпен, техникалық шешіммен, ауырту тәсілмен/қылқындыру/ерікті түрде берілумен, қарсыластың дисквалификациясы немесе жекпе-жек барысында бас тарту арқылы жеңіске жету.

23.2 «Ұпай бойынша жеңіс» - жекпе-жектің барлық раундтары аяқталғаннан кейін төрешілер шешімімен жеңіске жету.

23.3 Жеңісті раунд – жекпе-жек нәтижесі анықталған (жекпе-жек аяқталған) раунд. Егер боксшы/күресші келесі раундтың басында гонг соққаннан кейін шықпаса, матч алдыңғы раундта аяқталған болып есептеледі.

23.4 Тоталды анықтағанда кемінде жартысына дейін өткізілген раундтар ғана есептеледі. Аралас күресте (бес минуттық раундта) екінші раунд 2 минут және 30 секунд құраса немесе бокста (үш минуттық раундта) 1 минут және 30 секунд құраса - Тотал 1.5 (көп) ставкалары жеңеді, ал Тотал 1.5 (кем) ставкалары жеңіледі.

23.5 Раундтар саны немесе ұзақтығы өзгерген жағдайда негізгі нәтижелерге қойылған ставкалар күшін сақтайды, ал раундтар санына байланысты ставкалар қайтарылады.

23.6 Ставкалар желісінде тең нәтиже ұсынылған болса, және жекпе-жек тең болып аяқталса, тек қана тең ойынға жасалған ставкалар ұтады, ал боксшы/күресшілердің жеңісіне жасалған ставкалар ұтылады. Егер тең ойын ставка нұсқасы ретінде ұсынылмаса, боксшы/күресшілердің жеңісіне жасалған ставкалар қайтарылады. Қосымша параметрлер нәтиже анықталғаннан кейін есепке алынбайды және ставка есептеуі үшін қолданылбайды (экстра-раунд, қосымша рефери шешімі).

23.7 Кәсіпқой бокс пен аралас күрестегі фораға ставкалар төрешілердің жазбалары бойынша жекпе-жектің қорытынды шотына қабылданады. Әуесқой бокстағы фораға ставкалар жекпе-жектің қорытынды шоты бойынша есептеледі. Егер жекпе-жек мерзімінен бұрын аяқталса, фора бойынша бәске коэффициенттер «1»-ге тең коэффициентімен есептеледі.

23.8 Егер төрешілер «No Contest» нәтижесін қабылдаса, ставкалар есебі үшін бірмағыналы анықталған нәтижелер қабылданады. Барлық қалған ставкалар үшін бәстер жарамсыз деп жарияланады.

23.9 «Мүмкін жекпе-жектер» - егер жекпе-жек желіде күтілетін күнге дейін өтпесе, осы оқиғаға жасалған барлық ставкалар қайтарылады.

24. СПОРТТЫҢ ӨЗГЕ ТҮРЛЕРІ

24.1 Волейбол, үстел теннисі, бадминтон, жағажай волейболы және партиялардың (геймдердің, сеттердің, т.б.) тіркелген санына орай өткізілетін спорттың өзге де түрлері. Қатысушылардың бірі ойынды жалғастырудан бас тартқан немесе қатысу құқығынан айрылған жағдайда, ставкалар қайтарылады (бокс және аралас күресті қоспағанда). Матч тоқтатылған сәтке дейін нақты белгілі болған нәтижелер күшін сақтайды.

24.2 Осы спорт түрлеріне ұсынылған фора мен тотал ұпай (гейм) бойынша беріледі, желіде өзгеше шарт көрсетілмеген жағдайда.

24.3 Келесі ұпай (Ұпайларға ставкалар) - матчтағы жалпы ұпай санынан ұсынылған ұпайды қай команда ұтатынын анықтау қажет.

Мысалы, «Команда А — Команда Б» матчына ставка қою кезінде есеп 10:9 болды. Ставка «Келесі ұпай: 20-шы ұпай Команда Б» деген нәтижеге қойылды.

Егер матчта есеп 10:10 болып өзгерсе - Команда Б келесі 20-шы ұпайды ұтты дегенді білдіреді. Осыған сәйкес, ставка ұтқан болып есептеледі.

Есептің 11:9 өзгеруі Команда А келесі 20-шы ұпайды ұтқанын білдіреді. Бұл жағдайда, ставка ұтылады.

24.4 Ұпай бойынша жарыс - нақты ұпай санын қай команда ұтатынын анықтау қажет.

Мысалы, «Команда А — Команда Б» матчына ставка қою кезінде есеп 19:19 болды. Ставка «Ұпай бойынша жарыс: 20-шы ұпай Команда А» деген нәтижеге қойылды.

Егер матчта есеп 20:19 болып өзгерсе - Команда А бірінші болып 20 ұпай жинағанын білдіреді. Осыған сәйкес, ставка ұтқан болып есептеледі.

Лакросс. Лакросс матчтарына ставкалар, егер басқа ақпарат көрсетілмесе, овертаймды ескере отырып қабылданады.

24.5 Егер гол 9 мин. 00 сек. соғылса, онда ол бірінші минуттан тоғызыншы минутқа дейін соғылды деп есептеледі, ал егер гол 1 мин. 00 сек. соғылса, ол бірінші минутта соғылған деп есептеледі.

25. ЖЫЛДАМ СТАВКА РЕЖИМІ

25.1 Жылдам ставка режимі тек қана Интернеттегі ставкалар үшін қолданылады және Бәске қатысушы белгілеген сомаға таңдалған нәтиже коэффициентіне бір рет шерту арқылы ставка қоюға мүмкіндік береді. Ставка қою тәсілін жылдам режимнен қалыптыға немесе керісінше кез келген уақытта өзгертуге болады.

25.2 Жылдам ставка режимі іске қосылғаннан кейін бәске Қатысушы таңдалған нәтиже коэффициентіне бір рет шерту арқылы ставка жасай алады. Одан арғы ставканы растау қадамдары қажет емес.

25.3 Жылдам ставка режимін іске қосу үшін Бәске қатысушы келесі әрекеттерді орындауы қажет:

- а) жылдам ставка панелін ашу;
- б) қалаған ставка сомасын енгізу (ставка сомасын кез келген сәтте өзгертуге болады);
- в) «Сақтау» пернесін басу.

25.4 «Жылдам ставка» режимінде кез келген коэффициентті басу Бәске қатысушы бәс шарттарымен, Ставкаларды қабылдау ережелерімен толық көлемде келісетінін және таңдалған нәтижеге көрсетілген коэффициентпен ставка қою қалауын растайтынын білдіреді.

25.5 Бәске қатысушы жылдам ставка режимінде коэффициент және/немесе сома таңдаудың дұрыстығы үшін толықтай жауапты. Жылдам ставка режимінде қойылған ставкалар өзгертілмейді және жойылмайды.

25.6 Букмекерлік кеңсе кез келген Бәске қатысушыдан себептерін түсіндірусіз жылдам ставка режимінде ставкаларын қабылдамау, сондай-ақ кез келген уақытта жылдам ставка режимін Бәске қатысушыға хабарлаусыз өшіру құқығын өзіне қалдырады.

25.7 Жылдам ставка режимі Букмекерлік кеңсенің кассаларында және ұялы телефон қосымшасында қолжетімсіз.

26. СТАВКАНЫ САТУ (CASH OUT)

26.1 «Ставкины сату» (немесе «Cash Out») қызметі ставка ұтқан жағдайда ұтыс сомасын алдын ала шығаруға немесе ставка ұтылса, ұтылыс сомасын азайтуға мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндіктер ставка қойылған нәтиженің белгілі болғанына дейін беріледі. Букмекерлік кеңсе нақты уақытта Бәске қатысушыға оның ставкасы үшін белгілі соманы ұсынады, сондықтан Бәске қатысушы кез келген ыңғайлы уақытта «Ставкины сату» пернесін басу арқылы төлемді немесе ішінара төлемді ала алады.

26.1.1 Бәске Қатысушыға ставкины сату терезесінде толық немесе ішінара ставкины сату арасында таңдау мүмкіндігі беріледі. Бұл терезеде ставка бағасынан Аккаунт теңгеріміне аудару сомасын енгізу қажет. Бұл сәтте ставкиның сатылған бөлігі тарихта жаңа нөмірмен және ішінара сату белгісімен көрсетіледі. Ставка қалдығы қорытынды нәтижеге сәйкес бастапқы ставка нөмірі бойынша есептеледі.

26.1.2 Ставоканы ішінара сатудың минималды және максималды сомасы әр ставка үшін жеке түрде анықталады. Кейбір жағдайларда тек қана толық ставканы сату қолжетімді болады. Ставоканы ішінара сату операцияларының саны тек қана ставка сомасымен шектеледі.

26.2 Ставоканы сату тек таңдаулы ставка түріне, нәтижесіне және оқиғасына орындауға болады. Букмекерлік кеңсе Cash Out қызметі Бәске қатысушы жасаған барлық ставкаларға қолжетімді болуына кепілдік бере алмайды.

26.3 Cash Out -қа сауал барысында ставканың өзекті бағасын тексеру үшін уақыт бойынша тоқтау болуы мүмкін. Егер ставка бағасы өзгерілсе немесе нәтижелер тоқтатылса, онда бұл Ставоканы сатудың бас тартуына алып келуі мүмкін.

26.4 Cash Out-қа сауал сәтті өткізілсе, ставка есептеледі және белгіленген сома сол сәтте шот сомасына қосылады. Берілген оқиғаның нақты соңғы нәтижесі ставканы сату арқылы алынған төлем сомасына әсер етпейді.

26.5 Кез келген сатылған (Cash Out қызметін қолдану арқылы есептелген) ставкалар бонус алу немесе тегін ставкалар шарттары орындалған кезінде және ұтыс ойындармен акциялар жүргізу кезінде ескерілмейді.

26.6 Букмекерлік кеңсе Cash Out қызметінің қандай да бір себеп үшін қол жетпестігіне жауапты болмайды. Осы жағдайда барлық ставкалар нақты нәтиже бойынша есептеледі.

26.7 Букмекерлік кеңсенің кез-келген оқиғаға кез-келген уақытта және кез-келген себеп бойынша Cash Out қызметін өзгертуге, тоқтатуға немесе жоюға құқығы бар. Сонымен бірге жасалған ставкалар өз күшінде қалады және осы Ережелер бойынша есептеледі.

26.8 Егер Ставоканы сату кезінде оқиға нәтижесінің коэффициенті қате (нарықтық емес, дұрыс емес) болса, Букмекерлік кеңсе Ережелердің 6.18 бекеті бойынша, сонымен қатар Букмекерлік кеңсеге осы Ережеге сәйкес ставканы жоюға құқығы берілген жағдайда Cash Out қызметін қолдану арқылы есептелген ставканы өз білгенінше келесі тәсілдер бойынша қайта есептеуге құқығы бар, бірақ міндетті емес:

- а) ставка Сатуды жою, яғни бәсті оқиғаның финалдық нәтижесі бойынша есептеу;
- б) бәсті жарамсыз деп жариялау;
- в) ставка сатудың сомасын дұрыс (қате емес, нарықтық) коэффициентімен қайта есептеу, яғни Cash Out сомасын өзгерту.

26.9 Егер ставканы ішінара сатудың біреуі қате болса, Букмекерлік кеңсе бастапқы ставканың бір немесе барлық сатуын жоюға құқылы. Жою ставкалар тарихында сәйкес белгісімен көрсетіледі.

27. ИНТЕРНЕТТЕ СТАВКАЛАР

27.1 Интернетте бәс тігу мүмкіндігі болу үшін тіркелу қажет. Тіркелу кезінде пайдаланушы тіркеу нысанын толтыра және қажетті құжаттар мен ақпараттарды жүктей отырып, дұрыс және ескірмеген ақпаратты беруге міндеттеме алады. Бұл ретте Бәске қатысушы одан әрі өз паролін құпияда ұстауға, сондай-ақ оның Аккаунты көмегімен жасалатын барлық әрекеттер үшін толықтай жауапты болады.

27.2 Интернеттегі барлық ставкалар мен бәстер жарамды болып табылады. Егер Аккаунттың паролі мен нөмірі үшінші тұлғаға белгілі болып қалса, Бәске қатысушы дереу парольді ауыстыруы қажет. «Икемдеулер» мәзіріндегі жүйеге кіре отырып, парольді ауыстыруға болады.

27.3 Өз тарапынан Букмекерлік кеңсе Бәске қатысушы тіркелу кезінде ұсынатын құпия ақпараттың жайылып кетуін алдын алу үшін барлық мүмкін болатын шараларды қабылдайды.

27.4 Букмекерлік кеңсе ешқандай жағдайда да Букмекерлік кеңсенің қызметкері болып табылмайтын және интернетте ставкалардың жұмысымен байланысты емес адамдарға Бәске қатысушының деректеріне рұқсат ұсынбауға міндеттеме алады. Тек Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар ғана бұған жатпайды.

27.5 Букмекерлік кеңсенің сайтында тіркелу арқылы Бәске қатысушы өзінің электрондық поштасына (e-mail) Букмекерлік кеңседен жарнамалық материал (жаңалықтар, бонустар және акциялар, спорт ойындары туралы талдау, болжаулар және басқа ақпарат) қабылдауға келіседі. Бәске қатысушы пошталық жеткізілімнен хатта жіберілген сілтеме арқылы бас тартуға мүмкіндігі бар.

27.6 Бәске қатысушы Букмекерлік кеңсенің жауапкершілік саласы Букмекерлік кеңсенің сайтымен ғана шектелгенімен келіседі. Букмекерлік кеңсе бәске Қатысушысының ақпаратын Букмекерлік кеңсенің сайтынан тыс интернет желісімен басқа желіге өту кезінде оның сақталуы мен құпиялылығына ешқандай жауапты болмайды.

27.7 Бәске қатысушы ставкалар жүйесін Қазақстандық заңнамаға қайшы қандай да бір әрекеттерді жасау үшін пайдаланбауға міндеттеме алады.

27.8 Интернетте ставкалар осы Ережеге сәйкес 21 (жиырма бір) жастан асқан адамдардан қабылданады. Бұл тармақты бұзғаны үшін Бәске қатысушы жауапты болады.

27.9 Кейбір елдерде букмекерлік кеңсе қызметіне тыйым салынған. Өз елінің заңдарын сақтау жауапкершілігі Бәске қатысушыға жүктеледі.

27.10 Бәске Қатысушысы өзінің Аккаунт теңгерімін интернетте бәс тігу үшін ғана пайдалана алады. Барлық басқа операцияларға (басқа төлем жүйелеріне ақша қаражатын аудару, әртүрлі қызметтер төлемі т.б.) тыйым салынады. Бәске Қатысушының екінші Аккаунтының болуына жол берілмейді. Осы тармақта көрсетілген шарттарды орындамау салдары Ережелердің 8.5 тармағында ұсынылған.

27.11 Бәске Қатысушы Букмекерлік кеңсе Аккаунт теңгерімінен қаражатты шығару тәсілін таңдауға шектеу қоюға құқылы екенімен келіседі (шешу тек Qiwi-әмиян, Skrill, kassa-24 және т.б. арқылы).

27.12 Букмекерлік кеңсе кез келген тұлғадан себептерін түсіндірусіз ставкаларын қабылдамау, сондай-ақ Букмекерлік кеңсенің сайтында тіркеуден бас тарту және/немесе Бәске қатысушы тарапынан анық жөнсіздіктер болған жағдайда Аккаунтты бұғаттау құқығын өзіне қалдырады. Бұл жағдайда барлық бәстер жарамсыз деп жарияланады және төлемдер осы есептеулерді ескере отырып, бұрын төленген қаражаттарды ескере отырып жүзеге асырылады.

27.13 Букмекерлік кеңсе мен бәске Қатысушы арасындағы есептер бойынша комиссиялық шығыстарды (банктік, почталық т.б.) бәске Қатысушы мойнына алады.

27.14 Ставкалар дұрыс есептелмеген жағдайда (техникалық ақауларға орай, оқиғаладың дұрыс емес нәтижелерін, коэффициенттерді т.б. енгізген кезде) қате есептелген бәстер қайта есептелуі тиіс.

27.15 Қабылданған интернетте ставкалар өзгертуге жатпайды және тек қолданыстағы Ереже негізінде ғана жойылуы мүмкін.

27.16 Интернетте минималды ставка 30 бірлік.

27.17 Букмекерлік кеңсе нақты уақыт режимінде мерзімді және объективті мағлұмат беруге күш салғанымен, Букмекерлік кеңсе оның абсолютті дәлдігіне кепілдік бермейді. Матч барысына қатысты Букмекерлік кеңсенің сайтында көрсетілген Live-ставкалар, Видео көрсетілімдер, Матч-орталығы, Матч-трекер, Статистика және Нәтижелер Live бөлімдерінде көрсетілген ақпарат (есеп, уақыт, матч оқиғалары, факттер және хронология) таныстырмалы сипатқа ие.

27.18 Букмекерлік кеңсе ойыншы таңдаған тәсіл арқылы ақша шығаруына (мысалы, қажетті сома есеп шотта болмаған жағдайда) кепіл бермейді. Бұл жағдайда Букмекерлік кеңсе басқа тәсіл (мысалы, банк немесе касса арқылы) таңдауға ұсыныс жасай алады.

28. БӘСПЕН ШАМАДАН ТЫС ӘУЕСҚОЙЛЫҚТЫҢ ЗИЯНЫ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ. БӘСКЕ ҚАТЫСУҒА ДЕРБЕС ШЕКТЕУ. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК

28.1 Букмекерлік кеңсе құмар ойындармен және (немесе) бәспен шамадан тыс әуесқойлықтың зияны туралы ескертеді.

Ставка жасай отырып, Бәске Қатысушы осы ескертумен таныс екенін растайды.

Букмекерлік кеңсе бәске Қатысушы ойынға тәуелділік пайда болуының мүмкін жағымсыз салдарынан құтылу үшін ставкаларда белсенділігін бақылау жауапкершілігін өзіне алатын жауапты ойынның қағидаттарын толықтай қолдайды. Бәс - бұл сауықтың бір түрі, және табыс көзі болып табылмайтынын клиент түсінеді. Бәс тек қана бір нәтиженің орындалу мүмкіндігіне негізделген. Яғни, осы Ережелерге сәйкес, бәске Қатысушы және Букмекерлік кеңсе өзінің құқығының және міндеттерінің орындалуын сыртқы жағдайларға байланысты қояды, олардың орындалуы кепілдендірілмеген және бәсекелес тараптарға тәуелді емес.

28.2 Бәске Қатысушы келесі сұрақтарға жауап бере отырып, өзінің ставкаға қатынасын тексере алады:

- а) Жұмыстан, сабақтан және басқа міндеттеріңізді орындаудан ставка жасау үшін кетіп қаласыз ба?
- б) Ставкаға бөлінген ақша сомасын ұтылғаннан кейін ашуланып, тезірек келесі ставкаларды жасауға асығасыз ба?
- в) Соңғы тиінге дейін, тіпті ол ақша өмір үшін маңызды болса да, ойнайсыз ба?
- г) Ақша сомасын немесе ставкаға жаратқан уақытты жасыру үшін біреуді алдадыңыз ба?
- д) Ставкаға құмарлық себебінен отбасыңыз немесе достарыңыз өміріне қызықпайсыз ба?
- е) Айналаңыздағы адамдар сізді ставкаға қызығушылық танытқаныңыз үшін сынайды ма?
- ж) Ставкаңыз ұтылған жағдайда, қайтып ойнауға құмарлық сезесіз бе?
- з) Ұрыс, көңіл күйдің түсуі, көңіл қалу ставкалар себебі болып табылады ма?
- и) Ставкалар себебінен өзіңізді көңілсіз немесе үнемі ынталы күйде сезінесіз бе?
- к) Ставка жасауды жалғастыру үшін ақшаны қарызға аласыз ба?

Егер Бәске Қатысушы бір немесе бірнеше сұрақтарға оң жауап берсе, онда Букмекерлік кеңсе сайттағы ставкаларға шектеулерді қолдануға, және білікті көмек алу үшін мамандандырылған ұйымдармен байланысуға кеңес береді.

Бәске қатысушының әрекеті Букмекерлік кеңсе бәстегі бәске Қатысушының барлық қатысу аспектілерін, оның ішінде ставкаға психологиялық көзқарасын, эмоционалды жағдайын, өз-өзін ұстау және т.б., бақылай алмайтындығын нақты түсінуге негізделген.

28.3 Букмекерлік кеңсе бәске Қатысушылар үшін сайтта келесі шектеу түрлерін ұсынады:

28.3.1 Ставкалар сомасын 1 (бір), 7 (жеті) және 30 (отыз) күнге шектеу. Бәске Қатысушының өзінің бюджетіне сәйкес бір күнге, аптаға немесе айға барлық ставкалардың максималды сомасын орнату мүмкіндігі бар. Орнатылған сомаға жеткен кезде барлық келесі ставкалар таңдалған кезеңге дейін қабылданбайды.

28.3.2 Ставка жасауды 1 (бір) күннен 30 (отыз) күнге дейінгі кезеңге шектеу. Бәске Қатысушы өзінің шотын ставка қоядан таңдалған күн санына құлыптай алады.

28.4 Бәске Қатысушы орнатқан шектеу таңдалған кезең аяқталғанға дейін жойылмайды немесе өзгертілмейді.

28.5 Букмекерлік кеңсе Бәске Қатысушыға 8.5, 27.10, 27.11 және 27.18 тармақтарында сипатталған шарттарға байланысты шектеу мерзімі аяқталғанға дейін шоттан қаражатты шешуден бас тартуға немесе ақша шешу тәсілін шектеумен бірге барлық бонустар мен комиссияларды шегеріп шешуді өз қарауы бойынша орындауға құқылы.

28.6 Өз-өзін шектеудің жоғарыда аталған әдісіне қосымша Жеке тұлға уәкілетті органға жазбаша өтініш беру арқылы алты айдан он жылға дейінгі мерзімге құмар ойындарға және/немесе бәс тігуге қатысудан өз-өзін шектей алады.

28.7 Құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуға шектеулі тұлғалардың тізіміндегі азаматтармен бәс ұйымдастыруға және қабылдауға тыйым салынады.

28.8 Букмекерлік кеңсенің Бәске қатысушылары, сондай-ақ олардың жақын туыстары құмар ойындар мен бәспен шамадан тыс әуесқойлықтан туындаған психологиялық көмек алу үшін байланыса алатын мамандардың (мекемелердің, ұйымдардың, қызметтердің) орналасқан жері мен байланыс телефондары туралы ақпарат:

28.8.1 On Clinic (Он Клиник) Халықаралық медициналық орталығы

Телефон: 8 (727) 250-10-05

Электрондық пошта: almaty@onclinic.kz

Мекенжайы:

- Алматы қ., Абай даңғылы, 20/14;

- Алматы қ., Габдуллин көш., 94А, Әуезов қиылысы;

- Алматы қ., Абдуллиндер көш., 30.

Сайт: <https://onclinic.kz/>

28.8.2 Алматы қаласы қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу

құқығындағы "Психикалық сауықтыру орталығы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

Мекен-жайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Әбіш Кекілбайұлы көш. (бұрынғы Каблуков), 117А.

Телефон: + 7 (727) 376-55-95

Факс: + 7 (727) 377-60-74

Сайт: <https://cpzalmaty.kz/>

Электронды пошта мекен-жайы/e-mail: cpz.sekr@gmail.com

28.9 Орыс, қазақ немесе басқа тілдеріндегі ережелер шарттары сәйкес келмеген жағдайда, орыс тіліндегі ережелерді ескеру қажет.

**«NetBet (НэтБэт)» ЖШС Букмекерлік кеңсесінің ставка қабылдау,
өткізілетін бәс және жұмыс ережелеріне
№1 қосымша**

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрінің
міндетін атқарушы 2024 жылғы
9 қазандағы № 175 бұйрығымен
бекітілген.

Ойын мекемесі, букмекерлік кеңсе немесе тотализатор жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының және (немесе) бәс тігудің үлгілік қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ойын мекемесі, букмекерлік кеңсе немесе тотализатор жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының және (немесе) бәс тігудің үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Үлгілік қағидалар) «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 15-бабы 2-1-тармағына сәйкес әзірленді және ойын мекемесі, букмекерлік кеңсе немесе тотализатор жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының және (немесе) бәс тігудің үлгілік тәртібін айқындайды.

2. Осы Үлгілік қағидаларда мынадай терминдер мен ұғымдар пайдаланылады:

1) бәс тігу - қатысушылардың өз арасында не ойын бизнесін ұйымдастырушымен ұтыс көзделіп, олар қатыспайтын оқиғаның нәтижесіне жасалған, тәуекелге негізделген келісім;

2) бәс тігуге қатысушының аккаунты (бұдан әрі - аккаунт) - букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы бәс тігуге қатысушыны тіркеу кезінде аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы бәс тігуге қатысушының мөлшерлемелерді және бәс тігуге қатысу және ұтыстарды алу үшін қажетті өзге де операцияларды жүзеге асыруы үшін, сондай-ақ бәс тігудің әрбір қатысушысы, бәс тігуге қатысушы беретін ақша, бәс тігуге қабылданған мөлшерлемелер (оның ішінде электрондық), бәс тігудің нәтижесінің нұсқаларына коэффициенттер, олар бойынша ұтыстар мен төлемдер туралы ақпаратты есепке алу үшін бәс тігуге қатысушының ашатын дербес есептік жазбасы;

3) бенефициарлық меншік иесі - бұл:

заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылымның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі;

заңды тұлғаны немесе заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылымды өзгеше түрде бақылауды жүзеге асыратын;

оның мүддесінде заңды тұлға немесе заңды тұлғаны құрмайтын шетелдік құрылым ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға;

4) букмекерлік кеңсе - қатысушылармен бәс тігу жасасатын ойын бизнесін ұйымдастырушы;

5) заңдастырылған белгілер - ойын бизнесін ұйымдастырушының қағидаларында айқындалған тәртіппен құмар ойындарға қатысу үшін қолма-қол ақшаны алмастыратын және ойын мекемелерінде пайдаланылатын белгілі бір номиналдағы фишкалар, жетондар және (немесе) электрондық жеткізгіштер;

6) казино - құмар ойындарды ұйымдастыру және өткізу үшін ойын үстелдері пайдаланылатын ойын мекемесі;

7) казиноның немесе ойын автоматтары залының кассасы - ойын бизнесін ұйымдастырушы арнайы жабдықтаған, ақшамен операциялар, сондай-ақ заңдастырылған белгілерді беру және (немесе) қайтару жүзеге асырылатын ойын мекемесіндегі орын;

8) құмар ойын - ұтысты көздейтін, қатысушылардың өз арасында не ойын бизнесін ұйымдастырушымен аталған адамдар қатысатын оқиға нәтижесіне жасалған, тәуекелге негізделген келісім;

9) құмар ойынына және (немесе) бәс тігуге қатысушы - құмар ойынына және (немесе) бәс тігуге қатысатын жеке тұлға;

10) құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысушы шектелген адам - құмар ойындарға және

(немесе) бәс тігуге салыну салдарынан сот әрекет қабілетін шектеген жеке тұлға, сондай-ақ құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысудан өзін шектеген жеке тұлға;

11) мөлшерлеме - құмар ойнына және (немесе) бәс тігуге қатысушы ойын бизнесін ұйымдастырушыға беретін және ойын бизнесін ұйымдастырушы белгілеген ережелерге сәйкес құмар ойнына және (немесе) бәс тігуге қатысудың негізгі шарты болып табылатын ақша сомасы;

12) ойын автоматы - құмар ойындарды өткізу үшін пайдаланылатын, ұтысын ойын бизнесін ұйымдастырушының немесе оның қызметкерлерінің қатысуынсыз осындай ойын жабдығы корпусының ішінде орналасқан құрылғы кездейсоқ тәсілмен айқындайтын ойын жабдығы (механикалық, электр, электрондық немесе өзге де техникалық жабдық);

13) ойын автоматтары залы - құмар ойындарды ұйымдастыру мен өткізу үшін ойын автоматтары ғана пайдаланылатын ойын мекемесі;

14) ойын бизнесі - құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді ұйымдастыруға және өткізуге байланысты кәсіпкерлік қызмет;

15) ойын бизнесін ұйымдастырушы - құмар ойындарын және (немесе) бәс тігуді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

16) ойын бизнесі саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және бақылауды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік орган;

17) ойын мекемесі - ұтыс алуды көздейтін құмар ойындар Заңмен белгіленген талаптарға сәйкес өтетін ғимарат, үй-жай, құрылысжай;

18) ойын сессиясы - ойын бизнесін ұйымдастырушының қағидаларында айқындалатын, ұтысты анықтаумен (тіркеумен) аяқталатын, құмар ойынға қатысушының ойын бизнесін ұйымдастырушымен өзара қатынас жасау тәртібі;

19) тотализатор - бәс тігу жасалған кезде оған қатысушылар арасында делдалдық қызметтер көрсететін ойын бизнесін ұйымдастырушы;

20) тотализатордың немесе букмекер кеңсесінің кассасы - бәс тігуге мөлшерлемелерді қабылдау, ол бойынша ұтыс төлеу жүзеге асырылатын орын;

21) тотализатордың немесе букмекер кеңсесінің электрондық кассасы - ақпараттық-коммуникациялық желілерді пайдалана отырып, мөлшерлемелер қабылдау (есепке алу) жүзеге асырылатын және ұтыстарды төлеу жүргізілетін ақпараттық жүйе;

22) ұтыс - құмар ойынның және (немесе) бәс тігудің ойын бизнесін ұйымдастырушы белгілеген қағидаларда көзделген нәтижесі шыққан кезде құмар ойынға және (немесе) бәс тігуге қатысушыға міндетті түрде төленуге жататын мүлктік пайда.

2-тарау. Ойын мекемесі жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының тәртібі

3. Казино, ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының басшысы ойын мекемесі жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының тәртібін айқындау мақсатында осы Үлгілік қағидаларға сәйкес келетін, сондай-ақ Заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген мәліметтерді қамтитын ойын мекемесі жұмысының, мөлшерлемелер қабылдау және өткізілетін құмар ойындар қағидаларын бекітуді қамтамасыз етеді.

4. Бекітілген ойын мекемесі жұмысының, мөлшерлемелер қабылдау және өткізілетін құмар ойындар қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, казино, ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылар олардың осы Үлгілік қағидалардың 3-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

5. Ойын мекемесі жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындардың қағидалары казино, ойын автоматтары залы қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушымен ойын мекемесінде көрінетін жерге, сондай-ақ казино, ойын автоматтары залы қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының интернет-ресурсында (ол болған кезде) орналастырылады.

6. Казино, ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылар «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес құмар ойынға қатысушыларын тиісінше тексеру жөнінде шаралар қабылдайды.

7. Казино, ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылар құмар ойынға қатысушыны сәйкестендіруді қамтамасыз етеді.

8. Казино, ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының жауапты қызметкері құмар ойынға қатысушыны сәйкестендіруді «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4) және 9) тармақшаларына сәйкес жеке басын куәландыратын құжаттардың түпнұсқасы негізінде жүзеге асырады.

Құмар ойынға қатысушыны сәйкестендіру цифрлық құжаттар сервисі арқылы пайдаланылатын және казино, ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушыларына ұсынылатын жеке басын куәландыратын құжаттар негізінде жол беріледі.

9. Казино, ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылар құмар ойынға қатысушыны сәйкестендіруді жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген деректерді казино, ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы Ойын мекемесі жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындардың қағидаларында айқындайтын құмар ойынға қатысушыны тіркеу нысанына (бұдан әрі - тіркеу нысаны) енгізу жолымен қамтамасыз етеді.

Тіркеу нысаны құмар ойынға қатысушыны сәйкестендіру үшін толтырылатын және тиісті жеке тұлғаға ойын мекемесінде тіркелуге мүмкіндік беретін қағаз және (немесе) электрондық түріндегі файл болып табылады.

Жеке тұлғаны тіркеу нысанында:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- 2) азаматтық (шетелдік үшін);
- 3) жеке сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының азаматы үшін);
- 4) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына арналған нысанда көрсетілген жеке сәйкестендіру нөмірі немесе шетелдік паспорттың нөмірі (шетелдік үшін);
- 5) азаматтығы жоқ адамның куәлігінде көрсетілген жеке сәйкестендіру нөмірі (азаматтығы жоқ адам үшін);
- 6) туған күні;
- 7) қызмет түрі, жұмыс орны (бар болса);
- 8) ұялы байланыстың жеке абоненттік нөмірі;
- 9) жеке тұлғаға тиесілі банктік шот көрсетіледі.

10. Казино, ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылар Заңның 15-бабының 1-тармағына сәйкес құмар ойындарға қатысуға тыйым салынған жеке тұлғаларға құмар ойындарға қатысуға рұқсат беруден бас тартады.

11. Интернеттің болмауы, құмар ойындарға қатысуға шектелген адамдардың тізіміне, Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне қол жеткізудің болмауы себептері бойынша жеке тұлғаны сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда казино, ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының жауапты қызметкері жеке тұлғаны сәйкестендіруге мүмкін болмаған себептерін жойғанға дейін жеке тұлғаны құмар ойындарға жібермейді.

12. Жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері бойынша жеке тұлғаны сәйкестендіруге жол берілмейді.

13. Жеке тұлғаның ойын мекемесінде сәйкестендіруден (тіркеуден) өтуден бас тартуы да оның құмар ойындарға қатысуына жол бермеу үшін негіз болып табылады.

14. Жеке тұлғаның құмар ойындарға қатысуына рұқсат беру жеке тұлғаға ойын мекемесінің кассасында заңдастырылған белгілерді беру болып табылады.

15. Жеке тұлғаның құмар ойындарға қатысуының шарты казино, ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының жеке тұлғаның құмар ойындарға қатысуына рұқсат беру болып табылады.

16. Құмар ойынға қатысушы ең төменгі және ең жоғары мөлшерлемені ескере отырып, белгілі бір номиналдың заңдастырылған белгілеріне мөлшерлеме жасайды.

17. Минималды және максималды мөлшерлеме туралы, сондай-ақ құмар ойынның әр түрі үшін максималды ұтыс туралы ақпарат Ойын мекемесі жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындардың қағидаларында айқындалады.

18. Құмар ойынға қатысушыға ұтыс төленуге тиісті нәтиже казино, ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушысымен өткізілетін құмар ойындардың әрбір түрі бойынша Ойын мекемесі жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындардың қағидаларында айқындалады.

19. Ұтысты төлеу ұсынылған заңдастырылған белгілердің сомасына ғана жүргізіледі.

20. Казино, ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы құмар ойындарға қатысушыларға ұтыстарды төлеуді жеке басын

куәландыратын құжатты көрсетуі негізінде, Ойын мекемесі жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындардың қағидаларында көзделген мөлшерде және мерзімде, бірақ осы құмар ойынның нәтижелері шығарылған сәттен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірмей жүргізеді.

21. Ұтыс казино, ойын автоматтары залы қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушымен казино, ойын автоматтары залы кассасында құмар ойынға қатысушыға қолма-қол және (немесе) құмар ойынға қатысушының банктік шотына қолма-қол ақшасыз ұтыс сомасын аудару жолымен төленуі тиіс.

22. Ақшадан басқа өзге мүлік түрінде ұтыс жүлдесін беру оң нәтиже алған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде құмар ойын өткізілген ойын мекемесінде жүргізіледі.

3-тарау. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатор жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін бәс тігудің тәртібі

23. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының басшысы букмекерлік кеңсе немесе тотализатордың жұмыс тәртібін, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін бәс тігудің тәртібін айқындау мақсатында осы Үлгілік қағидаларға сәйкес келетін, сондай-ақ Заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген мәліметтерді қамтитын Букмекерлік кеңсе немесе тотализатор жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін бәс тігудің қағидаларын бекітуді қамтамасыз етеді.

24. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатор жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін бәс тігудің қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда букмекерлік кеңсе немесе тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылар олардың осы Үлгілік қағидалардың 23-тармағымен белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

25. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатор жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін бәс тігудің қағидалары букмекерлік кеңсе немесе тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы кассасында көрнетін жерде, сондай-ақ букмекерлік кеңсе немесе тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының интернет-ресурсында (ол болған кезде) орналастырылады.

26. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылар «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес бәс тігуге қатысушыларды тиісінше тексеру жөнінде шаралар қабылдайды.

27. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы мөлшерлемені қабылданғанға дейін аккаунт ашу жолымен аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы бәс тігуге қатысушының жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін деректерді енгізе отырып, бәс тігуге қатысушыны тіркеуді жүргізеді.

Мұндай деректерге соның ішінде мыналар жатады:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- 2) азаматтығы (шетелдік үшін);
- 3) жеке сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының азаматы үшін);
- 4) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар нысанда көрсетілген жеке сәйкестендіру нөмірі немесе шетелдік паспорттың нөмірі (шетелдік үшін);
- 5) азаматтығы жоқ адамның куәлігінде көрсетілген жеке сәйкестендіру нөмірі (азаматтығы жоқ адам үшін);
- 6) туған күні;
- 7) қызмет түрі, жұмыс орны (бар болса);
- 8) ұялы байланыстың жеке абоненттік нөмірі;
- 9) жеке тұлғаға тиесілі банктік шот.

28. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылар бәс тігуге қатысушыны тіркеу кезінде көрсетілген бәс тігуге қатысушының ұялы байланысының абоненттік нөміріне растау коды бар мәтіндік хабарламаны жіберу арқылы бәс тігуге қатысушыны сәйкестендіруді жүзеге асырады. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылар бәс тігуге қатысушы өз аккаунтына кірген кезде бәс тігуге қатысушыны тіркеу кезінде көрсетілген бәс тігуге қатысушының ұялы байланысының абоненттік нөміріне растау коды бар мәтіндік хабарламаны жіберу арқылы бәс тігуге қатысушыны сәйкестендіруді жүзеге асырады.

29. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылар Заңның 15-бабының 1-тармағына сәйкес бәс тігуге қатысуға тыйым

салынған жеке тұлғаларға бәс тігуге қатысуға рұқсат беруден бас тартады.

30. Жеке тұлғаға бәс тігуге қатысуға рұқсат бәс тігуге қатысушы жасаған мөлшерлеме, сол сияқты бәс тігу болып табылады.

31. Жеке тұлғаның бәс тігуге қатысуының шарты букмекерлік кеңсе немесе тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының жеке тұлғаны бәс тігуге қатысуға рұқсат беруі болып табылады.

32. Букмекерлік кеңсе қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы нәтижесіне бәс тігілетін оқиғаны өз бетінше айқындайды.

33. Букмекерлік кеңсе қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы мөлшерлемелерді аппараттық-бағдарламалық кешен есептеген коэффициенттер негізінде және аккредиттелген спорт федерациялары өткізетін немесе халықаралық спорт ұйымдары, федерациялары, комитеттері аясында өткізілетін спорттық жарыстар шеңберінде болатын алдағы нақты оқиғаларға ғана қабылдайды.

34. Тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы ат спорты жарыстары (атшабыстар, ат жарыстары) және (немесе) ит жарыстыру шеңберінде болатын алдағы нақты оқиғаларға мөлшерлемелер қабылдайды.

35. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы мөлшерлемелерді букмекерлік кеңсенің немесе тотализатордың тиісті кассасы және (немесе) букмекерлік кеңсенің немесе тотализатордың электрондық кассасы арқылы қабылдайды. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатор Заңның 12-бабы 12-тармағына сәйкес мөлшерлемелер қабылдамайды.

36. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы бәс тігуді ұйымдастыру мен өткізуге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен мен жабдық арқылы жасалған мөлшерлемелердің жалпы сомасын қабылдауды, бірыңғай есепке алуды, бәс тігуге қатысушылардың мөлшерлемелерін өңдеуді және ұтысты төлеуді жүзеге асырады және қамтамасыз етеді.

37. Бәс тігуге қатысушы өз шотын қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз тәсілмен толтырады.

38. Бәс тігуге мөлшерлеме жасауды бәс тігуге қатысушы шотқа енгізілген ақша және (немесе) ұтыстар есебінен жүзеге асырады.

39. Мөлшерлемелер оқиға аяқталғанға дейін жасалады.

40. Барлық іс-шаралар спорттық жарыстар өткізетін ұйымдардың ресми құжаттарынан, спорт федерацияларының, спорт клубтарының ресми интернет-ресурстарынан және спорттық ақпараттың басқа да ресми көздерінен алынған мәліметтер болған кезде ғана кейінге қалдырылған және (немесе) жойылған болып есептеледі.

41. Егер бәс тігу аяқталған оқиғаға жасалған болса, ол күшін жоюға жатады.

42. Бәс тігуге қатысушы бәс тіккен оқиғаның ұтыс нәтижесі бәс тігуге қатысушыға ұтыс төленуге жататын нәтиже болып табылады.

43. Бәс тігуге қатысушыларға ұтыстарды төлеуді букмекерлік кеңсе немесе тотализатор Букмекерлік кеңсе немесе тотализатор жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін бәс тігудің қағидаларында көзделген мөлшерде және мерзімдерде, бірақ осы бәс тігудің нәтижелері шығарылған сәттен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірмей жүргізеді.

44. Ұтысты қолма-қол ақшасыз тәсілмен алу бәс тігуге қатысушыны тіркеу кезінде көрсетілген деректемелер бойынша жүзеге асырылады.

4-тарау. Құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысудың қауіп-қатерлері мен зияны туралы ескерту тәртібі, сондай-ақ құмар ойынға (немесе) бәс тігуге қатысушыны құмар ойынға (немесе) бәс тігуге қатысу бейімділігінен шектеу шаралары

45. Казино, ойын автоматтары залы, букмекерлік кеңсе немесе тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылар уәкілетті орган бекітетін құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысудың қауіп-қатерлері мен зияны туралы ескертудің мәтініне, эскиздеріне сәйкес ойын мекемесінде, букмекерлік кеңсенің және тотализатордың үй-жайларында, казино мен ойын автоматтары залының кассаларында, букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың кассалары мен электрондық кассаларында, өзінің интернет-ресурстарында (олар болған кезде) көрнекі жерге құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысудың қауіп-қатерлері мен зияны туралы ескертуді орналастырады.

46. Құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысудың қауіп-қатерлері мен зияны туралы ескерту құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысушылар үшін туындауы мүмкін болжамды теріс салдарларды қамтиды.

47. Казино, ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін

ұйымдастырушылар құмар ойынға қатысушыны құмар ойындарға қатысудың қауіп-қатерлері мен зияны туралы ескерту мақсатында өз қызметінде мыналарды қоса алғанда жауапты ойын құралдарын қолданады:

1) құмар ойынға қатысушыны сәйкестендіру кезінде құмар ойындарға қатысудың қауіп-қатерлері мен зияны туралы хабардар ету;

2) хабарлау жүйесі, теледидар арқылы мерзімді (бір сағаттан аспайтын аралықпен) құмар ойындарға қатысудың қауіп-қатерлері мен зияны туралы хабар тарату.

48. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылар бәс тігуге қатысушыны бәс тігуге қатысудың қауіп-қатерлері мен зияны туралы ескерту мақсатында өз қызметінде мыналарды қоса алғанда жауапты ойын құралдарын қолданады:

1) аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы жеке тұлғаны тіркеу кезінде бәс тігуге қатысудың қауіп-қатерлері мен зияны туралы хабарлау;

2) бәс тігуге қатысушыға белгілі бір уақыт кезеңі ішінде бәс тігуге жұмсалатын уақыт пен ақша сомасын шектеуді белгілеу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

3) бәс тігуге қатысушының аккаунтта болу уақыты туралы, жүзеге асырылған ставкалар саны және ұтылған ақша сомалары туралы мерзімді (бір сағаттан аспайтын аралықпен) хабарлау;

4) бәс тігуге қатысушыларға мөлшерлемелер қойылған оқиғаның дамуы мен нәтижесін байқауға мүмкіндік беретін бәс тігуді ұйымдастыру және өткізу үшін пайдаланылатын теледидар, құрылғылар арқылы бәс тігуге қатысудың қауіп-қатерлері мен зияны туралы ескертулерді (бір сағаттан аспайтын аралықпен) трансляциялау.